В исторической книге М.Х.Дулати представлены важные сведения о времени образования Казахского ханства, которые играют огромную роль в созидании и сохранении ментальности казахов, составляя, таким образом, основу фундамента воспитания гражданских и патриотических чувств казахстанцев. Исследователь Мингулов Н. считает, что материалы «Тарих-и Рашиди» окажут неоценимую помощь педагогам в воспитании патриотических идеалов: «Его страницы листают писатели и учителя, черпая в них примеры героического прошлого казахского народа» [2, с.194].

Несмотря на неоспоримый познавательный и воспитательный потенциал, научное наследие Мухаммеда Хайдара Дулати недостаточно изучено и вовлечено в практику преподавания. В диссертационном исследовании Алсатова Т.М., посвященном изучению педагогических источников 15-16 в.в. древних тюрков и казахов, творчество М.Х.Дулати рассматривается как заслуживающий педагогического осмысления вопрос. Алсатов Т.М. отмечает, что труды М.Х.Дулати содержат немало мыслей из области педагогики и психологии и нуждаются в специальном изучении, далее он констатирует, что педагогические идеи М.Х.Дулати не изучены отечественными педагогами и до сих пор не стали предметом специального исследования [5]. Ученый делает частичный анализ педагогического потенциала, содержащегося в историческом труде «Тарих-и Рашиди», а также делает вывод: педагогические идеи М.Х.Дулати требуют дальнейшего глубокого изучения. Недалеко то время, когда они будут служить на благо народа.

Бишимбаев В.К. в своих работах «Историческое наследие и его место в воспитании подрастающего поколения», «Современное переосмысление древней и средневековой истории Казахстана» отмечает, что имя М.Х.Дулати

стоит в ряду великих ученых-просветителей Востока, таких как аль-Фараби, ибн Сина, Бируни, труды которых используются в деле гражданского и патриотического воспитания подрастающего поколения. В.К.Бишимбаев считает, что изучение наследия Мирзы Хайдара «способствует формированию чувства национальной гордости и национального достоинства» [3,с.30].

Кроме того, ознакомление учащихся с судьбой и творческим наследием талантливой и многогранной личности, сыгравшей важную роль в истории Отечества, уже само по себе имеет огромное духовно-нравственное, воспитательное значение. Историческое наследие М.Х.Дулати, безусловно, представляет исключительную педагогическую ценность и является закономерным звеном в истории тюркских философских и педагогических учений.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Казахи. 9 – томный популярный справочник. – Т. 2. Исторические личности, Алматы, 1998, – С. 250.
- 2 Великие ученые Средней Азии и Казахстана (8-19 в.в.), – А-Ата, «Казахстан», 1965, – С.193.
- 3 Бишимбаев В.К. Историческое наследие и его место в воспитании подрастающего поколения. /Материалы научно-теоретической конференции, посвященной известному ученому – историку М.Х.Дулати (1499-1551). – Тараз: «Гылым», 1997.
- 4 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (Рашидова история): Перевод с персидского языка, 2-ое изд. Дополненное, – Алматы: «Санат», 1999.
- 5 Алсатов Т.М. Педагогическая мысль в письменных источниках древних тюрков и казахов в 15-16 веках. /Ж. «Поиск», № 5, 1998, – С. 125-129.

Қ.Т. ӘТЕМОВА, Ж.А. МЕНДИКУЛОВА

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАСЫН ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### Аннотация

Мақалада болашақ мамандарды даярлау жүйесіндегі жаһандану үрдісінің талаптары мен ұлттық құндылықтардың интеграциялық бірлігінің сақталуы бәсекелестікке қабілеттіліктің кепілі ретінде сипатталады. Сонымен бірге маманның ұлттық тұлғасын педагогикалық қызметте қажетті қасиеттерімен байланыстыра түсіндіру орта ғасыр ғұламалары мұралары негізінде салыстырылып баяндалады.

*Түйін сөздер:* болашақ маман, маманның кәсіби тұлғасы, ұлы ғұламалар мұралары, бәсекелестікке қабілеттілік, ұлттық тәрбие.

В этой статье раскрываются вопросы сохранения единства интеграции национальных ценностей с требованиями процесса глобализации как основы конкурентоспособности в процессе подготовки будущих специалистов, а также рассматривается связь национальной личности будущего специалиста с другими ценностями в педагогической функции на основе наследий ученых средневековья.

*Ключевые слова:* будущий специалист, профессиональная личность специалиста, наследие великих ученых, конкурентоспособность, национальное воспитание.

### Annotation

This article reveals the preservation of the unity of integration of national values with the requirements of globalization process as the basis for competitiveness in the training of future specialists. Also it points out connection of national personality of the future specialist with other values in the pedagogical function based on the heritage of the Middle Ages scholars.

*Keywords:* future specialist, professional personality of the specialist, heritage of the great scientists, competitiveness, national education.

**Ж**оғары мектеп педагогикасының негізгі қағидаларына сай сапалы білім мен тәрбие беру үшін ең алдымен маманның тұлғалық сапасының жоғары болуы қажет екендігі бүгінгі күннің талаптарымен дәлелденіп келеді. Сондықтан кез-келген маман иесін алдымен тұлға ретінде қалыптастыру қарым-қатынас жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Әсіресе, бүгінгі жаһандық білім беру жағдайында тұлғаның ұлттық болмысы мен құндылықтарын сақтап қалу жаһандану үрдісіне төтеп берудің бірден бір жолы екендігін естен шығармағанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр», - деп айта отырып, бүгінгі білім беру жүйесінде жастарға әлемдік озық тәжірибелерді үйретумен қатар ұлттық білімді қатар алып жүруді міндеттейді [1].

Қазіргі күнде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы саясаты – дүние



жүзілік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті, Болонья конвенциясының ережелеріне сәйкес, 12 жылдық білім беру моделін жүзеге асыруға бейім, кәсіби қызметпен ғылыми-ізденушілік қызметті бірге алып баратын жаңа дәуір ізденуші кадрларын дайындау міндетін қояды. Сондай ақ, жаһандану процестері ұлттық білім беру жүйесін халықаралық білім беру жүйесіне, білім беру мазмұнын заманауи өзгермелі өмір жағдайларына бейімдеуді талап етеді.

Бұл міндеттер Қазақстанның европалық білім кеңістігіне интеграциялануы осыған сәйкес студенттердің, педагог-оқытушылар құрамының академиялық мобильділігін, жоғары оқу орнын таңдау мүмкіндігін арттыру, оқу жоспарларын, дипломдарды бірегейлестіру тағы сол сияқты объектив жағдайлармен байланысты орын алып отыр. Бұл жағдай өз кезегінде педагог-кадрларды сапалы даярлау мәселесінің өзектілігін әр кездегіден де арттыра түседі және жоғары оқу орындары алдына жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруға қабілетті жаңа дәуір мамандарын дайындауда жаңаша талаптар қояды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылдарға дейін жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында мемлекеттің білім беру саласындағы басым бағыттары мен міндеттері оларды жүзеге асыру механизмдері айқындалған. Онда жоғары мектеп «цивилизацияға ауқымды әсер етеді, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, технологиялық дамулар өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеудің мықты потенциалына ие. Білім беру жүйесінің иерархиялық құрылымында ең жоғары орынды иеленіп, оның басқа деңгейлеріне қойылатын талаптарды айқындап, стандарттарын белгілейді және жоғары мамандандырылған кадрлармен қамтамасыз етеді», – делінген [2].

Қазақстандық білімнің европалық білім кеңістігіне кірігуі, біз даярлаған мамандардың дүние жүзінің қалаған елінде оқып білімін жалғастыра алуы үшін жоғары оқу орындарының білім беру жүйесі әлемдік білім беру стандарттарына жауап беретіндей деңгейде ұйымдастырылуы, функционалдық

білім беруден тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасына негізделуі тиіс.

Қазіргі күнде тұлғаға бағытталған оқыту жүйесіне өтуге негіз болатын төмендегі білім жүйесін дамыту тенденцияларын ажыратуға болады: үздіксіз білім беру жүйесіне көшу; білім беруді фундаментализациялау; білім берудің ашықтығы; білім берудің көкейкестілігін арттыру; білім беруді гуманитарландыру; білім берудегі инновациялар.

Білім жүйесін дамытудың аталған бағыттары мемлекет қажеттіліктерімен бірге, тұлғаның үнемі өсіп отыратын білімді игеруге деген, сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени және рухани талаптарын ескеруге негізделеді.

Бүгінде жаһандық білім кеңістігіне ену арқылы әлемдік ақпараттарды оқу мазмұнында қарастыру, ұлттық құндылықтарды басшылыққа алу арқылы білімді интеграциялау, әлемдік оқыту технологияларын жетік пайдалануға қабілеттілік бәсекеге қабілетті маман бойынан табылуға тиісті талап ретінде қойылуда. Осыған байланысты бүгінгі күнгі мамандар кәсіби қызметінің аясында білім алып, әрекет дағдыларын қалыптастырады. Мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандарты мазмұнында қарастырылған пәндер тізімінде болашақ мамандардың жеке өмірі мен тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған пәндер кездеспейді.

Әйтсе де, адамзат қоғамының қай кезеңінде болмасын тұлға болмысы мен заманына лайықты адам тәрбиесінің моделін айқындау өзекті мәселелердің қатарынан түскен емес. Біздің мақаламызда бүгінгі жаһандық білім кеңістігіне ену жағдайында ұлы ғұламалар мұраларын кәсіби маман даярлау жүйесінде пайдаланудың тиімділігі мен сабақтастығын талдау жасап көрсету мақсат етіледі.

Бүгінгі күні маман тек жоғары білімді сауатты да білікті адам емес, сонымен қатар рухани дүниесі ізгілендірілген тұлға болуы тиіс. Өйткені, мамандар адамдар арасында қарым-қатынас орнатып, сол арқылы қоғамдық пайдалы әрекеттермен айналысқандықтан өз артасында позитив ықпал етуші, ынталандырушы күрделі жаратылыс ретінде көрініс табуы тиіс. Ол ең алдымен ұжым басшысы, мекеме

басшысының жеке тұлғасынан басыау алуы керек. Бұл жөніндегі ойларды орта ғасыр ғұламалары кеңінен қарастырып, көпшілік назарына насихаттап кеткен. Солардың бір-қатарын бүгінгі маман даярлау жүйесінде пайдалану тиімді де орынды болып тұр.

Мемлекетті басқару немесе оқу үрдісін, ұжымды басқаруда басшының болмысы мен тұлғаның сапалық қасиеттерін ғұлама ғалым әл-Фараби ерекше сипаттап келтірген. Ол өзінің „Бақытқа барар жолда деген еңбегінде маманның тұлғалық моделінің құрылымын айқындап береді [3]. Онда ғалым маман үшін ең маңызды қасиет оның денсаулығының мықты болуы деп көрсетеді, яғни адам баласының барлық мүшелері өз қызметтерін мүлтіксіз атқаратындай болғанда қызметте жоғары сапа болатындығын айтады. Сонымен қатар, маман өз қызметінде алғыр да, аңғарымпаз болмаса кәсіби қызметтегі ерекшеліктерге сай әрекеттер өз деңгейіне орындалуы мүмкін еместігін айтады. Оларды естен шығармайтын ақыл иесі, соған қоса өткір сөз иесі, нақты, шешіп айтатын әділ де адал болуын тұлғалық қасиеттердің ішіндегі маманға қажетті маңыздылары деп түсіндіреді.

Маман иесі тұлға ретінде сегіз қырлы бір сырлы азамат болуы керектігін «*өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек*», – деп түсіндіреді. Осындай көптеген қасиеттерді атап, мұндай сапалар бойынан табылатын тұлға маман ретінде кәсіби білікті деп табылатындығын тұжырымдайды [4].

Сонымен қатар, ғұлама көзқарасы бойынша бәсекелестікке қабілеттіліктің тағы бір белгісі жақсы мінездің болуы деп те түсіндіреді. Әл-Фарабидің пікірінше педагог мамандығының иесі барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жан болып табылады. Болашақ мамандар санасына ақыл мен тәрбиенің дәнін сіңіретін тәрбиеші, ұстаз-педагогтар болып табылады. Әрбір педагог өз ісінен рахаттанып, тәрбиешілерге қуаныш сыйлағанда педагогикалық үрдіс адамгершілік шебер-

ханасына айналмақ. Осы тұста әл-Фараби: «Кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысса, сонда ғана ол нағыз ел адамы бола алады», – деген өмірлік өсиет қалдырды. Ғұламаның еңбек тәрбиесі туралы көзқарастары өзінен көп кейінгі ұрпақтар еңбектерінде жалғасын тауып жатты. Олай деп тұжырым жасауымызға ұлы Абай еңбектері негіз болады. Ақын осы тұста «Кімде кім өзі үшін ғана өмір сүрсе, өзі үшін оттаған хайуанмен тең, ал халық игілігі үшін өмір сүрсе ол Алланың сүйген құлы болмақ», – деп айтады [5].

XI ғасырда жарық көрген «Қабуснама» кітабының авторы Кейкаус осы бір кітабында нағыз тұлғаға тән қасиет адами тазалық пен ізгілік екендігін айта отырып: «Адамның адамдығын білдіретін үш нәрсе бар – соның бірі жәуәнмәртлік. Жәуәнмәрт болам десен – көзінді жаман қараудан, тілінді жаман сөйлеуден, қолыңды жаман істен сақта. Адамдағы қалған қасиеттер осы үш нәрседен соңғы сатыда тұратындар», – деп ескертеді [6].

Шындығында да мамандар өз қызметінде адал да әділ болса, кәсіби білікті болса сонда ғана педагогикалық қызметтің нәтижесі жемісті, тәрбие пайдалы болмақ.

Кейкаус отбасы тәрбиесінде балаларды болашақ мамандық таңдау мен кәсіп үйренуге даярлау да ата-ана міндеті деп түйеді. Адам кез келген бір істі қолға алса, оны жақсы біліп, әдістерін үйреніп, құпия сырларын игеріп, машықтануға міндетті. Сонда ғана ол кәсібінен көп пайда табады және сол саладағы өнерді игеріп пайдалануға талаптанады деп насихаттайды. Бұл жерде педагогикалық қызмет аясы тек тәрбие мекемесінде ғана емес, одан тыс шығып отбасы, қала берді қоғамдық тәрбие мекемелерінің жұмыстарында жалғасын тауып жатуы керектігін қолдайды. Олардың барлығы да отбасымен байланыс орнату арқылы бала болашағына мамандық таңдауына дұрыс бағдар беруіне ықпал ете алатындығын меңзейді.

Орта ғасыр ғұламаларының бірі М.Қашқаридің еңбектерінде жақсы мінез-құлық жақсы тәрбиенің жемісі екендігін білдіретін

көзқарастары ерекше көзге байқалып тұрады. Бұл тұста ғалым М.Қашқари мен әл-Фарабидің адам баласының бақытқа қол жеткізуші негізгі байлығы білімі арқылы қалыптастырған жақсы мінезі екендігін көрсетуде көзқарастарының өзара үйлесім табуы көрінеді.

*Таққа шығып тұрсаң да, тәңіріңді ұмытпа, асып-тасқан көңіліңді ақылыңмен шыбықта. Ұлық болса еліне ізгі болар ер кісі, кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі,* – деп маманның қызметтік сатыда дәрежесі өсіп, ұжым басшысы болып тұрғанда да қарапайымдылығынан айрылып қалмауын еске салады [7]. Қарапайымдылық пен кішіпейілділік адамның тектілігі мен білімділігін, қызметтік мәдениетінің жоғарылығының көрсеткіші деп біледі. Сондай-ақ, кәсіп иесінің адамдармен қарым-қатынаста тек өзгелердің бойындағы жақсы қасиеттерін алуға бейім болуын ұсынады. Адам бойындағы жаманшылығын сөз студің өзі артық деп санайды. *Ақ ниетпен күліп алға келсе, шырай таныт сен де. Жақсы сөзді ұғып ал да, өсек-аяң алып келме. Кекті тайдыр жолыңнан, әділдікті саяла. Келгенінше қолыңнан жақсылығыңды аяма,* – деп алдына келген әрбір адамның мұң-мұқтажын жылы шыраймен тыңдай отырып, қолыңнан келсе көмегіңді аяма деп кеңес береді. Ғұламаның мұндай көзқарастары мен ұсынысы нарықтық заманның дәл бүгінгі күндері әрбір басшының ескеріп, өз әрекетінде басшылыққа алып отыруға тұрарлық өсиеті екендігі даусыз.

Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагогикалық көзқарастарын талдау жасай отырып,

кәсіби мамандарды даярлау жүйесінде басты мақсат олардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы маңызды екендігіне көзіміз жетеді. Сондықтан бүгінгі болашақ мамандар даярлау үрдісінде ғұламалардың құнды пікірлері мен өсиеттерін тәрбие тірегі етіп пайдалану ұлттық болмысымызды шыңдау мен болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. // Оңтүстік Қазақстан. 2014. 18 қаңтар. – №7-8. – Б.2.

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылдарға дейін жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3 Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық-әлеуметтік трактатында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.

4 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары Әлеуметтік-этикалық трактаттарында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.

5 Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. / құрастырған К.Серікбаева. – Алматы, «Ел», 1992. – 272 б.

6 «Қабуснама». Өзбек тілінен аударған және алғысөзін жазған – Тұрсынәлі Айнабеков. – Алматы: Балауса, 1992. – 156 б.

7 Махмуд Қашғари. «Түбі бір түркі тілі». / Аударғандар: Қ.Бекетаев, Ә. Ибатов. – Алматы: Ана тілі, 1993.

С.А. ДЖАНАБЕРДИЕВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Математика, физика және информатика әдістемесі кафедрасы  
Алматы қ., Қазақстан*

Н. СМАЙЛҚЫЗЫ, Н. ДАУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ

*Іле педагогикалық институты  
Филология факультеті  
Құлжа, ҚХР*

## АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ НАЗИРАГӨЙЛІК ШЫҒЫС САРЫНЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

### *Аннотация*

Мақалада Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы қазақтарына ортақ қазақ фольклорынан да, көптеген ақын-жыраулардың еңбектерінен де, айтыстар мен термелерден де көрініс табатын, әсересе Абай поэмаларына тән Шығыстық «назирагөйлік сарын» жайында сөз қозғалады, қайшылықтар қарастырылады, анықтама беріледі, мысалдар келтіріледі, қорытындылар жасалады. Назиралық сарын – дәуірлер, дәстүрлер байланысы, ұлт тағылымы, шығарма тартымдылығы, шеберлік, өнер бәсекесі, өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесі ретінде қарастырылған.

*Түйін сөздер:* Абай поэзиясы, Шығыс, сарын, назиралық, ұлт тағылымы, тәрбие

В статье рассматривается литературный метод изложения мусульманского Востока – «назира», который часто применяется как в поэтических фольклорных наследиях общих для казахов Китайской Народной Республики и Республики Казахстан, так и в современных произведениях поэтов-импровизаторов, в айтысе, в терме и занимает особое место в творчестве Абая; дается определение этому методу изложения; приводятся примеры и делается заключение. Метод изложения – «назира» рассматривается, как связь времен, традиций, национальное наследие, мастерство, состязание в искусстве, а также как духовное воспитание подрастающего поколения.

*Ключевые слова:* поэзия Абая, Восток, метод изложения, назира, национальные ценности, воспитание.

### *Annotation*

The article discusses the literary method of presentation of the Muslim East - «Nazira», which is often used as a poetic folk heritage common to the Kazakhs of China and the Republic of Kazakhstan as well as in the works of contemporary poets, improvisers, in Aityts, in a term, and has a special place in the works of Abai, considered the contradiction that defines the method of presentation, examples and it is concluded. The method of presentation – «Nazira» is regarded as the connection times, traditions and national heritage, craftsmanship, competition in the arts, as well as the spiritual education of the younger generation.

*Keywords:* poetry, Abay East, the method of exposition, Nazira, national values and upbringing.



**Ш**ығыстық парсы поэзиясының: рубаи (таране), ғариби, араб әдебиетіндегі: қасыда, газель, қазақ әдебиетіндегі: қисса, батырлар жыры сияқты табиғатында ауызша жеткізуге арналған әдебиеттің жеңіл формаларында қолданылатын мазмұн түрлерінің бірі болып табылатын назирагөйлік – махаббат немес кәсіптік төртбуын өлеңдердегі: айырылысу, қалжың тақырыбындағы (мысалы, «шахр-ашуб» – қала әзілдері) мазмұндардан жоғарырақ тұратын, табиғат лирикасын, фәлсафалық мәселелерді, адамгершілік пен отанды сүю жайында сыр шертетін, тыңдаушысымен интерактивтік сұхбаттасу, назарласу, орынсыз міндеттемейтін ақыл-кеңес айту, түп нұсқаның мазмұнына өзгеріс, жаңалық ендіру, назар аудару, яғни назира айтуға негізделген. Орыс халқының ескірген «назидания» – сөзі де осы назираға негізделсе керек. Бұл ұрпаққа ғибрат болсын деп, қалдырылатын: насихат, ғибратты сөздер, өнеге, нақыл сияқты сарындар.

Шығыс әдебиеті туындыларының қазақ әдебиетіне назира әдісімен жайылған түрі молшылық. Яғни, ақын-жыраулар өзінен бұрынғы шығарманың сюжетін негізге ала отырып, оны өз заманына, өз ортасына лайықтап қайта жырлайды.

Мұндай бұрмалаушылық жағы да жоқ емес. Мысалы, қазіргі кезде дүние жүзіне терең мағыналы, керемет рубаяттар авторы ретінде танымал Омар Хайямды замандастары ақын деп есептемеген. Оны көптеген араб және парсы өлеңдерінің авторы ретінде таныған. Оның шығармашылығын алғаш зерттеген белгілі орыс жазушысы В.А. Жуковский Омар Хайям рубаиларын «Рубаяттан» өзге авторлардың жинақтарынан тапқан [1].

Назирагөйліктің өзі ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл туралы академик жазушы М.О. Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалардың негінде пайдаланса да, көп жерде еркімен өзгерте отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады» [2].

Мұндай сарындар Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы қазақ-

тарына ортақ қазақ фольклорынан да, көптеген ақын-жыраулардың еңбектерінен, айтыстар мен термелерден де көрініс табады.

Осы шығыстық сарын – назирагөйшілік сарынындағы көненің көзін байқатқан, өлмес туындылар – Абай поэзиясы.

Абай поэзиясы – ұлтымыздың тәрбиешісі, дәуірге, адам баласына тән кемістіктер, қараңғы қалыстар мен тұстарды өткір сынаушы, халқына жабықтан түскен жарық, аш құрсаққа әл берген жаңаның жалыны, көненің көзі, өлмес туынды. Осының ішінде ақынның назирагөйшілік туындылары бір төбе.

Ақын жас кезінен заманның салған тақсиретіне мойымай, халқын қараңғылықтан құтқару үшін рухани, назиралық еңбек қалдыруды арман еткен. Ол Орта ғасырлық Шығыс классиктерінің көлемді дастандарын назиралық жолмен қайта жаңғырту, жырлау ақылы шығар жол іздейді. Абай өзінің шағын лирикалық өлеңдерінде, көлемді дастандарында, сондай-ақ «еркін» аудармаларында болсын Шығыстың назирагөйшілік сарынымен туындылар жаратқан. Абай мен Шығыс классиктерінің жақындығы жөнінде алғаш рет Мұхтар Әуезов зерттеген.

Назираны көшірмешілік, деп жаңылыс ойлайтындар да бар. «Назира» сөзі араб тілінен аударғанда «сұрақ және оған жауап» дегенді білдіреді, басқаша айтқанда диалог, сұхбат, семинар десе де болады. Назирагөйшілік орта ғасырлық Шығыс поэзиясында кең қолданылып, кейін келе Батыс әдебиетінде де қабылданған. Мысалы, жақында Теодор Драйзердің «Америкалық трагедия» шығармасы Ресей телехикаясында, сюжетті Ресейде өтіп жатқандай етіп өзгертіліп көрсетілгені; белгілі американдық әнші, көп бала асыраушы Мадоннаның балалар алғаш мектепке барған кезде тәрбиесі аз өзге балалардан кездестіретін қынжылыстарына адамдық жақтан төтеп беруге бағышталған, терең мағынасын қалдырып, сюжетін осы заманға арнап жазған Тибет ертегілері, т.б. қазіргі заманға сай инновациялық шығармашылық әдістер осыған куә және психологиялық мәселелердің жалпы адамзатқа тән екендігін, жер, тіл таңдамайтынын көрсетеді.

Ал, қазақ әдебиетіне назирағөйлік сарынға алғашқы жол салушы Абай болып табылады. Назираны көшірмешілік, еліктеушілік деп, жаңалықтан тосырқау, үрке қарау – дәуірлер, дәстүрлер байланысына шек қойып, шығарма тартымдылығына, шеберлік, өнер бәсекесіне, ұрпақтың рухани тәрбиесіне тұсау салары анық.

Абай шығыстық назирағөй сарынын «Йұзы раушан, көзі гәуһар», «Физула шамси» өлеңдерінде формалық жақтан пайдалана отырып, оны кемелдендіріп, көлемді дастандарында, аудармаларында енді шығармашылық әдіс ретінде қолданып, өлеңдерге тың, жаңа түр қосты. Ол Шығыс классиктерін ұстаз тұта отырып, жаңаша өнер өрісін жасауға да, формалық еліктеуден өзгеше түр жаңалығын тудыруда да өз тұжырымы бойынша толғанады, бұрынғы бір қалыптан жазбай қайталанатын, көзқарас жаңаламайтын көне сүрлеу жолын бұзып, мазмұн тартымдылығын дәріптейді, діни сарынмен шектеліп, аңыздық долбарға шырмалып қалуды сынап, сынды пікірлер айқындығын ортаға қояды.

Ақын «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» сияқты назиралық дастандарында көне араб, парсы, иран әдебиеттеріндегі аңыз-ертегілер негізінде Қазақ тұрмысын суреттейді, олардың фәлсафалық идеясын Қазақ оқырманына түсінікті және қазақтық лирикалық тілімен жеткізеді, сөйтіп олардың интеллектуалдық деңгейін биікке көтереді.

Ақынның поэмаларындағы назиралық сарындағы мазмұндар желісін келесі топтарға бөлуге болады:

1. Абай өз поэмаларында өлеңнің шығыстық формасын өзгертпей, оқиғаның бас аяғын жаңа, қазақы ырғақпен бейнелеп, шығарманың биік поэтикалық лирикасын сақтауға тырысады. Осындай шығармаларының бірі сюжетін Низамидің «Ескендірнама» дастанынан алған «Ескендір» жайындағы поэмасы. Мұнда төрт тармақты, он бір бұынды өлең формасы сақталып, оқиғаны ретімен баяндау үлгісі қолданылған. Аңыз-әңгіменің ұзын ырғасы бойынша өсиет, насихат мазмұндалады, яғни жаңаша назира жырланады. Мысалы, «Масғұт» поэмасын

оқығанда Қазақтың эпостық батырлар жырын оқығандай сезімге бөленеміз.

2. Абайдың назиралық дастандары мен Қара сөздерінде қазақтың ұлттық тағылымы, танымы, әдет-ғұрпы мен психикасы тура тынылып, қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі сезіліп тұрады, басқа ұлттарға ұқсамай өзінше, ерекше жырланады.

Абай ұлт тағылымын өнерде бейнелеп, шығыстың аңыз-ертегілеріндегі, сол сияқты Низамидің «Хамса» поэмасындағы идеяларға да өзгеріс жасайды. Бұл талпыныс ақынның таланты арқылы іске асырылып, адалдық, дербестік және адамгершілік мазмұнындағы рухани құндылықтар марапатталып, оқырманға, халыққа тәрбие беруге бағытталады.

Абай «Ескендір» дастанында Низамидің оқиға мазмұнының алшақтап, өздігінен ашкөздік, мансапқорлық, мақтаншақтық сияқты кереғар қылықтарды ажуалайды. Поэmanın қажеті үшін мұнда Қызыр – данышпан Аристотелге, Періште – қақпа ішіндегі алланың елшісіне, ал қарапайым тас – адамның көз сүйегіне теңеледі. Ақын Ескендірдің кейіпкерлік кескінін Қазақ даласында кездесетін әділетсіз бай-манаптардың бейнесіне бейімдейді, торыққан кезде атынан, ұшар қанатынан айрылған батырдың ауыр соққы алуын суреттейді, «Тұлпарсыз күнің қараң» деген қазақ мақалын тосады. Аристотельдің ақыл-кеңесін назиралық сарынмен жеткізеді:

*«... Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.*

*Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
Тоймас көзін таяр деп қайғы жеме.*

*... Қу өмір жолдас балмас әлі-ақ өтер,  
Өз көңліңе өзің қарық болма бекер.*

*Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсыз да, иман жоқ түпке жетер».*

Бұл шумақтар Низамидің «Ескендірнама-сында» кезікпейді, олар халқымыздың қайсыбір азаматтарының санасында кездесетін кемшіліктерді айтып, одан құтылудың жолын ұсынады. Осындай ақын жанынан шыққан шумақтар ұлт мұратын тіктеуге, ұшқырлауға арналып жатады.

3. Абайдың назиралық дастандарында тарихи шындық ескеріліп, бас тақырып талғам-таразыға қойыла отырып, лирикалық жанды суреттеледі.

Мысалы, Абай «Ескендір» поэмасында тарихи шындыққа құрмет етіп, бұрмаланған көзқарастарға сын көзбен қараған. Әбілқасым Фердоуси өзінің «Шахнамасында» Ескендірдің әулетін Иран ақсүйектерінен шыққан деп баяндаған: Ескердір Македон билеушісі Филипп II-нің (шығыс әдебиеттерінде: Филикөс) баласы деп емес, біздің заманымыздың 110-335 жылдарында өмір сүрген Иран Шахы Ахемент әулетінің ең соңғы әкімі Шах Дарабтың ұрпағы деп суреттейді. Ал, «Рим әңгімесі» деген кезіндегі танымал шығармада Ескендірдің тіпті тарихи өмір сүрген дәуірі бұрмаланып, ол – аңыз-әңгіме кейіпкері ретінде көрсетілген.

Абай осындай тарихи бұрмалаушылықтарды қырағылықпен көріп, Ескердірді Филипп II-нің баласы ретінде мойындап, поэманың бас кейіпкері ретінде толғайды.

«Масғұт» поэмасында ертедегі Бағдат шаһарында өмір сүрген Харон Рашид халифа дәуіріндегі Жапар деген дана жігіттің адалдық үшін күрескен азаматтығы суреттеліп, «бақ» және «адалдық» ұғымдары дәріптеледі. Бұл поэма белгілі орыс жазушысы И. С. Тургеневтің «Шығыс аңызы» атты шығармасы мен «Үрейлі жаңбыр» деген Үнді ертегісімен тәркіндес.

Махаббатқа деген іңкәрлік сезім, адам сүйіспеншілігін дәріптеу Абай шығармаларында жиі кездеседі. «Әзім әңгімесі» дастанының негізі Арабтың «Мың бір түн» атты ертегілер жинағындағы «Хасен зергер туралы әңгіме» [3] ертегісінен алынғанын Абай, әрине, ескерткен.

Абай аңыз-әңгімелер желісінде өз заманының келеңсіз қылықтарын әшкерелеп, сынау негізінде шебер ұйқастар жасайды, жаңалық ендіріп, тұжырымды ой қозғайды, көтерген жаңа өзекті мәселелерді тыңнан жаратуға күш жұмсайды, сөйтіп өзінің төл туындыларын туғызады. Мысалы, «Ескендір» дастанында ол «... Адам өліп, көзіне құм құйылғанда ғана тойымдылық істейді» деген ойды

төрт шумақтық қорытынды арқылы шебер тұжырымдайды. Ал, «Масғұт» поэмасында аңыздық форманы жинақтап, биліктен, еркіндіктен айырылған, басқаның сөзіне еріп кеткен патшанаң маскара бейнесін сынайды.

4. Абай өзінің назиралық дастандарында кейіпкерлер мінездемелерін тереңнен ашып, мазмұнды бейнемен ортаға шығарады. Ол ертегі шығармалары деңгейінде қалып қоймай, кейіпкерлерінің бейнесінде білімділікті, өскелеңділікті дәріптейді. «Ескендірнама» дастанында Ескендір әділ, ақылгөй, білімді болып суреттелсе, Абай тарихқа сүйеніп, оның адам бойындағы кемшіліктерден ада емес, пендешіл бейне ретінде көрсетеді.

«Масғұт» дастанында Абай кейіпкерін тым ақылды етіп дәріптемейді, бірақ оны дәулетке бас ұрмайтын, махаббатты қастерлейтін бейнеде суреттейді. Ал, Әзім Шығыстың типтік қияллы ертегісіндегі аңыздық кейіпкер болса, Абайдың «Әзім әңгімесі» дастанында ол суретші, бояушы қызметінде химия ғылымының құдіретімен баюды аңсағап, құшынаш шалға алданған, мистикадан аулақ, өзінің психикалық ерекшелігі бар, кемшілігі мол заманауи кейіпкер.

5. Абай тек поэмаларында ғана емес, сонымен бірге аудармаларында да назирагөйлікті қолдану үлгісін көрсеткен. Мысалы, ол А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлең-романының аудармасында назирагөйлікті еркін қолданған.

Бұл өз кезінде «еркін аударма» деп аталғанымен, кейінгі абайтану зерттеушілері оны «ұлғаймалы жасампаздық» деп дәл тауып, тұрақтандырып жүр. Ал, біз оны «назиралық» дәстүрден шеттеп кетпейді деген ойдамыз.

Абай «Евгений Онегин» романының аудармасын жеті мазмұнға жинақтап жазуда, махаббаттың құдіретін әйгілеуде шеберлік танытқан. Бұл жөнінде М.О. Әуезов былай деген болатын: «Абай атамыз А.С. Пушкиннің өлең-романын әдейі бір кең толғаумен, өзінше еркін жырлап жеткізеді. Мұнысы аударма ғана емес: Европа, Шығыс әдебиеті тарихында көп ғасырлар бойы тәжірибеде бар болған «сарын қосу» сияқты бір жол, аудармашы алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне,

ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сын шығарып, осылай күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім, ойларды өзгерте жырлау әдейі істелетін, сондықтан қорытындысында ол өзіндік тумаларға жақын болып шығады.

Абай «Евгений Онегин» романының назиралық аудармасында түп нұсқадағы кейбір мазмұндарды төте аудармай, өзінің субъективтік ойларын жеткізіп, дастанның соңында «Онегиннің өлер алдындағы сөзі» деген тақырыпты тыңнан қосып, алданыш өмірдің жүрекке салған жаракатына, адал махаббаттың құрбаны болып, бақи дүниемен қоштасқан трагедиялық халіне өкініш білдіреді. Осы жақтардан алғанда, ақын формаға еліктемейтін, дарашыл, тақырыпты қуаламайтын, жаңашыл назиралық белгілерді ұстанады.

Қорыта келе, Абай Шығыс классиктерімен өнер сайысына түскен, қаламмен қағысқан талантты қаламгер және оның назирагөйлік, жасампаздық таланты ары қарай зерттеуді қажет етеді демекпіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Омар Хайям / Рубаи. Хафиз / Газели – Москва: ЭКСМО, 2006. – С. 25-26.

2 Ғашықтық дастандар / Құрастырушы: Ү. Субханбердина – Алматы: Ғылым, 1994. – Б. 4-5.

3 Мың бір түн / Араб ертегілері / Аударған: Қ. Абдукадыров – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1955. – Т. 4. – Б. 41-103.

УДК 37.015

*А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ*

*Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін  
арттыру институты  
Ақтөбе қ., Қазақстан*

*А. АҚЖОЛОВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

### **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӘЛІМДІК ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

#### *Аннотация*

Аталған мақалада түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесіндегі имандылық тәрбие берудің аспектілері қарастырылады. Түркілік имандылық тәрбиесіндегі тұжырымдаманың негіздері мұсылмандардың адамгершілік сенімдерінде ізгілік, отаншылдық, тәртіптілік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, имандылық туралы ой-санасына діни ұғымдардың орын алуы ең жоғары әдептілік нормалар ретінде сипатталады. Автор түркілердің жастардың бойында имандылық тәрбие беруді қалыптастыру мәселелеріне талдау жасайды.

*Түйін сөздер:* имандылық тәрбие, тафсир, қайырымдылық, діни дәстүрлер, хикмет, шарият.

В данной статье рассматриваются аспекты духовного воспитания в назидательной практике тюркских народов. В основах концепции тюркского духовного воспитания религиозные по-



нятия о гуманизме, отечестве, порядочности, ответственности, дружбе, морали описываются как высшие нормы этикета мусульман. Автор анализирует вопросы формирования духовного воспитания молодежи у тюркских народов.

*Ключевые слова:* духовное воспитание, тафсир, доброта, религиозные традиции, хикмет, шариат.

*Annotation*

In given clause is considered aspects of spiritual education in instructive practice turkish peoples. In bases of the concept of turkish spiritual education the religious concepts about humanity, fatherland, decency, responsibility, friendship, morals are described as maximum norms of muslims' ethics. The author analyzes questions about formation of youths' spiritual education at turkish peoples.

*Keywords:* spiritual education, tafsir, kindness, religious traditions, chicmet, shariat.

Қоғам дамуында қалыптасқан түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесіндегі имандылық тәрбие берудің негіздері әр адамның азаматтық құқы мен бостандығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін идеяларды іске асыруды талап етті. Түркілердің рухани өмірінде және Отанын қорғауда шеніне бөлінбестен және әлеуметтік тұрғыдан бай немесе кедей т.б. екеніне қарамастан қоғамда дамыған имандылық қатынас жүйесі қалыптасты. Түркілік имандылық тәрбиедегі тұжырымдаманың негіздері мұсылмандардың адамгершілік сенімдерінде отаншылдық, тәртіптілік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, имандылық туралы ой-санасына діни ұғымдардың орын алуы ең жоғары әдептілік нормалар ретінде сипатталды. Түркілер ислам дінін қылыштың күшімен емес, өз еріктерімен қабылдады. Бұл дінді таңдауларының ең басты себебі көне түркі сенімі мен ислам дінінің арасында көптеген ұқсастықтың болуы еді.

Біріншіден, көне түркі діні Көк Тәңірі сенімі деп аталатын. Бұл сенім бойынша түркілер ислам дініндегі сияқты бір Аллаға ғана сенетін және оны Тәңірі деп атайтын. Ислам дініндегі «исмах-и хусна» деп айтылатын Алланың сипаттарының кейбіреуі көне түркі сенімінде де кездесетін еді.

Екіншіден, ахирет пен рухтың мәңгілігі екі сенімде де бар еді. Түркілер жәннат үшін жұмақ, ал тозақ үшін тамұқ сөздерін қолданатын.

Үшіншіден, ислам дініндегі секілді Көк Тәңірі сенімінде де Тәңіріге құрбан шалатын.

Төртіншіден, ислам дініндегі бағыт (жиһад) және ғазауат (дін үшін соғыс) түркілердің әлемде төрені үстем ету үшін жасаған соғыстары бір-біріне ұқсайды. Ислам сенімі бойынша соғыстан кейін қол жеткізілген ғанимет (байлық) адал болады. Түркілерде де осыған ұқсас ұстанымдар кездеседі.

Бесіншіден, ислам дінінде бұйырған адамгершілік талаптары түркілік түсінікке де сай келеді. Демек, түркілер ислам дінін бейбітшілік жолмен қабылдады. Сонымен, саманилер дәуірінде Орталық Азия даласына исламның таралуы бейбіт жолмен, соның ішінде мұсылман дінін қабылдаған соғдылықтардың бейбіт қоныс тебуі және сауда жолдары арқылы жүргенін көреміз.

Түркілердің көбі мұсылмандар, негізінен сунниттер (әзірбайжан мен иран түркілері шейттер). Ал, қалған кіші-гірім түркі халықтары чуваш, саха, гагауз, алтай т.б. бертін келе орыстандырусаясатыкезіндешоқындырылып, христиан дініне күштеп, қинап көшірілген. Жалпы түркі халықтырының ислам дінін ұстануы халықтардың өзіндік сипатын сақтап қалуға негіз болды. Демек, ислам дінінің бүгінгі түркі халықтарына енуімен, түркілік дүниетанымды түбегейлі қайта түлеткені белгілі. Ислам дінінің дәстүрлі түркі дүниетанымына тигізген игілікті ықпалы, оның мифологиясын, аңыз әңгімелерін, жырдастандарын мазмұндық тұрғыдан байытып, олардың ақиқат мәнін қайта жаңғыртуымен сипатталады.

Қожа Ахмет Ясауи негізін салған түркілік сопылық мектеп Құран Кәрім мен пайғамбар хадисін ақиқат ілімнің негізгі қайнары және танымдық өлшемі деп білгендіктен, осы ақиқи ілімді игерудің негізгі әдісі ретінде тәуил әдісін қолданды. «Менің хикметтерім – Алладан пәрман, Оқып ұққанға бар мағынасы – Құран», «Құдайдың сөзінен шыққан бұл бір хикмет, Естігенге нұрдай жауар рақмет» деген Әзірет Сұлтанның сөздері осының дәлелі болса, осы дәстүр аясындағы Абайдың «Құран рас, Алланың сөзі дүр ол, Тәуилине жетерлік ғылымың шақ» деген сөздері дүниетанымның өміршендігінің дәлелі. Тәуил әдісімен қатар рационалды ақылға жүгіне отырып, нақтылы логикалық дәлелдермен түсіндіретін тәфсір және хадистер бар. Аталған ұғымдарға «Дінтану негізері» оқулығында: «Тафсир – Құранның түсіндірмесі болса, хадис – Мұхаммед с.ғ.с. айтқандары. Оның жасаған құлшылықтары туралы қағидалар. Құранда басы толық ашылмай қалған шариғат жолдарының көбі осы хадистерде айқындық табады» деп келтіреді [1, 113-б].

Демек, хадистердің ерекшелігі – Құран кәрімде Алла Тағала атымен сөйленсе, мұнда тікелей пайғамбар қағидалары беріледі.

Осыған сәйкес Ислам дінінде де Отанды қорғау барлық мұсылмандарға міндетті болып табылады. Өйткені ар-намыс, елдің тәуелсіздігі, адамдардың аман-сау жүруі Отанымыздың аясында қорғалады. Отанды қорғау дегеніміз дінін, ділін, тілін қорғау деп түсінгеніміз жөн. Сондықтан мұсылмандардың өз Отанын қорғау үшін әскери борышын өтеуі үлкен сауапты істердің бірі деп аталады. Яғни Мұхаммед с.ғ.с. тафсирлерінің бірінде: «Мұсылман пендемнің өз Отанын қорғап, шекарада күн ұзағына күзетте жауынгерлік борышын өтеп тұруы күндіз-түні ғибадат етуден де үлкен сауап болып табылады» делінген [2, 63-б.].

Түркі халықтарында тағылымдық мәні зор адамдарға ислам дінінің қағидаларын жеткізудің хикмет дәстүрі ғасырлар бойы жалғастық тауып келеді. Осы дәстүрдің мейлінше дамып, бастау алар кезеңі – орта ғасырлардағы түркілік өркениетпен байла-

нысты қарастыруға болады. Мұсылмандық қағидалардың осы кезеңге дейін жалғасын тауып келе жатқан негізгі тұлғаны елін, жерін және көшпенділік ел дәстүріндегі тәлімдік тәжірибелермен байланысты болып табылады. Орта ғасырларда түркі халықтарында мұсылмандық тағылымдық өнегелер басты тақырып болды. Себебі көптеген онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелердің толғауы тоғысар, шешуін табар түйіні осы мұсылмандық қағидалареді. Хақтытану мүмкіндігі, адамның рухани ізденісінің түп мақсаты турасындағы ақыл-ой деңгейіндегі толғаныстарды шешуге де мұсылмандық тағылымдық өнегелер мен имандықты жетілдіріп, ерлікті шыңдауға негіз болды. Жалпы имандылықтың негізі «дініне беріктілігімен» сипатталды. Түркілердің мұсылман дінін берік ұстағаны үшін Исламның жер шарындағы «қылышы» деп бекер айтпаса керек. Мұсылмандардың сабырлылығы мен мәдениеттілігі жоғары болумен қатар олардың ерлігі, ажалдан қорықпауы, өзін Отан үшін құрбан «шаһид» қылуы, яғни иманына берік болуын басқа діндегілерді таң қалдырған. Оны біз белгілі ислам дінінің насихаттаушысы, ғалым М.Ж.Бұлұтайдың зерттеулеріне тоқталатын болсақ: «Мұсылмандардың соғыс кезіндегі қаһармандығы, ажалдан қорықпайтындығы Алла тағалаға деген иманының беріктігінен, яғни:

Біріншіден, Аллах бұйырмай ажалдың келмейтұғыны;

Екішіден, мұсылман ұғымында ажал мұсылманды Алла тағалаға қауыштыратын қадам;

Үшіншіден, мұсылмандар үшін фәни өмірдің бітіп, бақи өмірдің басталуы;

Төртіншіден, соғыста қайтыс болған мұсылман шаһид болады, шаһидтік болса пайғамбарлықтан кейінгі ең жоғары мәртебелердің бірі» деп келтіреді [3, 262-б.].

Түркілердің даңқты сұлтандарының бірі Заһириддин Мұхаммед Бабыр өзінің жеңіске жетуінің себептерін былайша сипаттайды: «Жаудың кейін шегінуі, олардың біздің әскерлерімізге төтеп бере алмай қырылуы – Аллах Тағаланың жазуы. Жер бетіндегі пенделердің

жақсы-жаман «істерінің бәрін көріп-біліп тұратын Аллах Тағаладан өзге не бар? Біздің сиынарымыз да, жалбарынарымыз да Аллах Тағала емес пе? Тоғыз жүз отыз үшінші жылы екінші жұмада айының жиырма бесінші күні жазылды. Осы жеңістен кейін тұғрама «ғазы» деген сөзді тіркедім. Жеңіс жарлығына мөрімді басып мынадай рубайы жаздым:

*Ислам үшін тентіреп,  
Кәпір үнділермен соғыстым.  
Сенімім үшін дайынмын азап тартуға,  
Мейрімімен Аллаһтың газы болып толыстым!*

дейді [4, 373-374-бб.].

Мұндағы «тұғра» деген патшаның есімі жазылған рәмізі (штандрт, елтаңбасы). Ал «ғазы» деп соғыста болып аман сау елге оралған батырларға берілетін құрметті атақ. Ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуының тарихи, әлеуметтік, тағылымдық сипаты зор болатын.

Түркі халықтарының жаугершілікпен, басқа мемлекеттердің құрамында өмір сүруінде және халықтың түп негізін сақтап қалуда ислам дінінің ролі жоғары болды. Мысалы, татар халқы шынайы ұлттық келбетін сақтап тұрған Ресейдегі бірден-бір ел деп айтуға болады, керісінше орыстандыру саясаты салдарынан чуваш, саха, тува т.б. түркі этностары ұлттық салт-дәстүрлерінен толықтай айрылды. Тарихи деректерге келетін болсақ, Ресейдің отаршылдық саясатты айқын сипаттайтын құжаттарының бірі – Түркістан генерал-губернаторы Духовский 1899 жылы жоғары өкіметке жіберген «Түркістандағы ислам» деген баяндамасында: «Сырдария, Ферғана, Самарқанда 119 орыс оқу орнына 5246 мұсылман діни мектебі, ал 42 православиелік шіркеуге 11964 мешіт келетінін айтып дабыл қағады» [5].

Негізінен генерал-губернатор Духовскийдің басты идеясы мұсылман дінімен күресу болды, себебі ислам дінінің орыстануға үлкен кедергі жасап отырғанын (бұл заңдылықты алғаш зерттеген миссионер Н.И.Ильминский болатын) нақтылы тарихи жағдайда мұсылман діні түркі халықтарының күшті интеграцияға айналатынын атап өтті. 1870 жылы «Ресейде

мекендеген бұратана халықтарды ағарту шаралары жөнінде заңы» жарияланды. Бұл заңға негізінен Н.И. Ильминскийдің орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі енгізілген болатын. Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш категорияға бөліп оқытуды көздеді:

Біріншісі, сабақтар ұлттардың өз тілінде, бірақ орыс тіліндегі пәндерді көп оқыту талап етілді.

Екіншісі, сабақтар таза орыс тілінде жүргізіліп, тек түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етілді.

Үшіншісі, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге тыйым салынды. Аталған талаптарға сәйкес, түркі халықтарын салт-дәстүрлерінен аулақ ұстап, орыс мәдениетін, дінін насихаттауды пәрменді жүргізді. Мұның өзі түркі халықтарының рухани тәрбиесінен айырылуға бағытталды.

Сонымен қатар, түркі халықтарын орыстандыру саясаты барысында түркілердің балаларын орысша оқытып, орыс мектептерінің санын көбейтуді қолға алған болатын. Негізінен қазақтардың арасында ислам дінінің терең тамыр жаймауын қадағалап, көршілес мұсылман халықтарының ықпалынан ажыратып, орыс мектептеріне баулуды пәрменді жүргізді. Ол үшін әрбір түркі халықтарының этнопсихологиялық және табиғи ерекшеліктерін тиімді пайдаланды. Яғни, өзбек, түркімен, татар халықтары ислам дініне берік халықтар деп, ал қазақ, қырғыз, башқұрт, ноғай т.б. халықтар ислам дініне әлі де болса берік дамымаған деп оларды шоқындыруға, орыстандыруға әртүрлі іс-әрекеттерді қолданды. Дегенмен, түркі халықтарының шынайы діни наным-сенімдерінің арқасында ел тұтастығын сақтап қалуға ислам дінінің ықпалының мүмкіндігі зор екендігін түсінуге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дінтану негіздері: Жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің 10-сынып оқушыларына ар-

налған оқулық. / Құрастырғандар Ғ.Есім, А.Артемов, С. Қанаев, Г.Біләлова – Алматы: «Білім», 2003. – 156 б.

2 Лүтфи Шентүрік. Ислам дініндегі арамдар және үлкен күналар. /Аударған С.Дағайқызы. – Анкара, 2003. – 63 б.

3 Бұлұтай М.Ж. Ата баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: «Білім», 2000. – 504 б.

4 Бабыр З.М. Бабырнама /Аударған Б.Қожабекұлы. – Алматы: «Ататек», 1993. – 416 б.

5 Қазақстан Мемлекеттік Ұлттық Архиві. И-1-қор, 32-тізбе, 384- іс, 1-11-к.

УДК 378 (092) (574)

*Г.И. УАЙСОВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру теориясы  
мен әдістемесі кафедрасы  
Алматы қ., Қазақстан*

### **ҒАЛИ БЕГАЛИЕВТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ**

#### *Аннотация*

Мақалада ғалым әдіскер Ғ.Бегалиевтің еңбектеріне талдау жасалынған. Автор кіші мектеп оқушыларын оқытуда құрастырылған әдістер мен тәсілдер бүгінге дейін әлі қажетті және маңызды екенін дәлелдейді. Балаларды әдебиеттік оқу мен грамматикаға оқытудың әдістемесінің бағалылығын көрсетеді. Қазіргі уақытта әдебиеттік оқуда, грамматикада Ғ.Бегалиевтің әдістемелік еңбектері нақты және тура нәтижені беретіні қарастырылады.

*Түйін сөздер:* әдістемелік еңбектер, қабылдау нәтижесі, оқу әдістемесі, жазу әдістемесі, грамматика әдістемесі, бастауыш мектеп.

В статье проведен анализ трудов ученого методиста Г.Бегалиева. Автор доказывает, что методы и приемы обучения младших школьников чтению и письму, разработанные ученым, актуальны и значимы в настоящее время. Наряду с этим показано значение методики обучения детей грамматике и литературному чтению. Указывается, что использование на современных уроках грамоты, литературного чтения, грамматики методических трудов Г.Бегалиева эффективно и дает ощутимый результат.

*Ключевые слова:* методические труды, эффективность приемов, методика чтению, методика письму, методика грамматики, начальная школа.

#### *Annotation*

The article are analyzed the works of scientist and methodist T.Begaliev. The author is protecting that methods and means of teaching younger scholars to read and write, and his scientific works are actually and important. Also it's showed the meaning of methods of teaching children knowledge and literary reading. The result of his works are shown in using knowledge, literary reading, grammatics in the modern lesson.

*Keywords:* methodical works, effective means, methods reading, methods of teaching to write, method teaching grammar, teaching at primary school.



Ғали Бегалиевтің бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуға қатысты жазылған бірнеше әдістемелік еңбектері белгілі. Атап айтқанда: «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасы» (1940), «Бастауыш мектепте тіл дамыту жұмысы» (1941), «Әріп, дыбыс, буын», «Бастауыш мектепте бірнеше класты бір уақытта оқыту туралы» (1950), «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» (1950), «Қазақ мектептерінің 4 класы үшін мұғалімдерге көмекші құрал» (1959) т.б. Бұл кітаптарында оқушыларға қазақ тілінен алғашқы білім берудің, сауат ашудың және оқуға үйретудің әр алуан мәселелеріне жан-жақты тоқталады. Әсіресе, «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» атты еңбегінде ол бастауыш мектепте ана тілін оқыту әдістемесінің барлық саласына жеке-жеке тоқталып, талдау жасайды. Осы кітаптың «Оқу-жазуға үйрету методтары» деп аталатын бірінші бөлімінде автор «Дыбыс және әріптермен таныстырғанда жұмысты мына схемамен жүргізу керек», – дейді:

#### ТАЛДАУ

1. Текстіден сөйлемдерді айырту
2. Сөйлем ішінен сөздерді айырту
3. Ішінде таныстырылатын дыбыс бар сөздердің буындарын айырту, онымен таныстыру
4. Жаңа дыбысты айырту, онымен таныстыру

5. Сол дыбыстың баспа әрпін көрсету

#### ЖИНАҚТАУ

6. Кеспе әліппеден сөздер құратқызу
7. Құрастырған сөздерді оқу
8. Әліппеден жаңа сөздерді оқыту
9. Әліппеден сөйлемдер оқыту
10. Әріптің жазба түрін көрсетіп оның элементтерін, содан кейін тұтас әріпті және ішінде осы әріп бар сөздерді, кейінірек ықшам сөйлемдерді жаздыру.

Мәселен, р дыбысымен таныстырғанда, талдау-жинақтау тәртібі мынадай болмақ:

- Ара – тақтай тілетін аспап – (сөйлем),  
 Ол – ара – (сөз),  
 а – ра – (буын),  
 р – а – (дыбыс),  
 р – әріп,  
 а – ра – буын (жинақтау),

ара – сөз(оқу),

ол – ара – сөйлем (оқу) [1, 9-б].

«Дыбыстарды ажыратуда қолданылатын әдістер таныстырылатын дыбыстың жасалу жолы мен айтылу түріне байланысты. Сондықтан барлық дыбысқа біркелкі әдіс қолдануға болмайды», – дейді ол. Сонымен қатар дауысты дыбыстарды мынадай сөздерден ажыратқызуға болатынын көрсетеді:

1) дауысты дыбысы жеке буын болып келген сөздерден (а – ра, а – ла, о – ра);

2) дауысты дыбысы ашық буын құрамындағы сөздерден (са–ла, ша– ма). Ал л, р, с, ш, з сияқты дауыссыздарды:

1) сөз аяғынан ажыратуға болады (ал, ор);

2) ашық буыннан (а – ла, а – ра, о – ра, ша – ра);

3) сөз басынан (сау, нар, нан) ажыратқан дұрыс дейді.

Шұғыл дыбыстардың (б, п, т, к) ажырату үшін қиынға соғатынын ескертіп, дауыссыздардың шұғылдарын ашық буыннан, бітеу буыннан, тұйық буыннан ажырату қолайлы (ба-ла, бу, бал, тор, тон, тал; кол, ат, оқ) деп көрсетеді [1, 10-б].

Дж.Смелзер девиантты мінез-құлықты изоляцияға емделуге, түрмеде қамалуына себепші болатын және басқада құқық бұзудың жазалауларына әкелеліп соғатын топтық нормадан ауытқу деп санады. В.И. Добренков және А.Н. Кравченко “қоғамдық көзқараста мақұлданбайтын әрбір теріс қылықты девиантты мінез-құлық” деп атады. Жасөспірімдердің дамуындағы биологиялық

көзқарасты талқылаған ғалымдардың бірі Р.Кулен болды. Оның зеріттеуі бойынша жасөспірімдік шақта үш негізгі әлеуметтік-этникалық тенденция қарастырылады: үлкендердің қадағалауынан босану, өзін жеке дара сезіну, өзінің өмір жолын таңдау мәселесіне салмақты түрде қарау, мамандық таңдау, қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды игеру деп атап көрсетті.

Кез-келген әлеуметтік қоғамда сол қоғаммен қабылданған, сол қоғам өмір сүретін нормалар мен ережелер болады. Осы нормалардан ауытқу немесе сақтамау әлеуметтік ауытқу немесе девиация деп аталады. Бұл проблема қазіргі таңда өзекті проблемалардың қатарында тұр. Девиантты мінез-құлық кез-келген қоғамның маңызды проблемаларының біріне айналды. Девиантты мінез-құлық (*лат. deviatio* - ауытқу) – жалпыға ортақ ережелерден ауытқушы әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормалар мен ережелерді бұзған адамның мінез-құлық.

Әртүрлі әлеуметтік қоғамдар әлеуметтік ауытқулардың деңгейіне, девиантты әрекетке баратын тұлғалардың санына байланысты бір-бірінен ажыратылып отырады. Девиантты мінез-құлықтың пайда болуының себебі көбінесе, қоғамның өзгеруі мен тәрбиенің жетіспеуінен болады. Қоғамдағы күнделікті жаңа өзгерістер, ата-аналардың жауапсыздығы, бақылаусыздығы және олардың балаға деген назарының аздығы, девианттық мінез-құлықты қоғам үлкен мән бермейтіндігі – жасөспірімдердің девиантты тәртібінің негізі болып табылады.

Әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын әр түрлі түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

- отбасындағы берекесіздік;
- тәрбие беруде кеткен кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жасөспірімнің жеңе алмау;



- айналысындағылармен, достарымен қарым-қатынасқа түсе алмауы;

- нашакорлық, бұзақылық әрекеттер, таксикомания, ерте ішімдікке салыну,

- ата-аналардың балаға жеткіліксіз көңіл бөлуі;

- жасөспірімдер мен балалардың бос уақытын өткізуде болатын проблемалар;

- агрессивтілік мінез-құлықтың болуы;

- өзін-өзі басқарудың төменділігі;

«Қиын» балалар мәселелерін белгілі психолог-педагог ғалымдар А.Выготский мен П.Блонский жан-жақты зерттеген. Жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша «қиын» балалардың шығуына үш фактор себепші болады деп көрсетеді:

Отбасыда тәрбиеінің дұрыс берілмеуі, тұрмыстағы жанжалдар, маскүнемдік, отбасының толық емес болуы.

Мектеп ішілік оқу-тәрбие жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылмауы.

Қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне жеткілікті көңіл бөлмеуі.

Әр жас кезеңнің адамның тұлғалық қалыптасуында алатын өзіндік орны бар. Жасөспірімдік шақта балалар әрнәрсеге еліктегіш келеді. Бұл кезеңде жасөспірімнің «мені» қайта құрылып, айналасындағыларға сыни көзқарас қалыптасады. Жасөспірімдер қоршаған әлемдегі өз орнын табуға қандай күш салып тырысада, ол көп нәрсені білмейді, өйткені ол өзін қоршаған адамдарды және рухани өмір тәжірибесін әлі де болса толық түсінбейді. Бұл кезеңде жасөспірімдерді қатты мазалайтын сұрақтар «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Мен кім болғым келеді?». Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский жасөспірімдік шақта екі үлкен өзгеріс болады: ол ағзаның физикалық дамуы мен жыныстық жетілу және өзінің «Мен» мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы [2].

Жасөспірім шақ жалпы тұлға болып қалыптасуындағы маңызды кезең. Жасөспірімнің қасиеті – әрқашан өз дегені болу, өзіндік тәуелсіздік, үлкендердің айтқанын елемей, басқаға бағынышты болмау. Жасөспірімнің жеке басы дамуының аса маңызды факторы –

оның әлеуметтік белсенділігі. Ол белгілі бір үлгілермен игіліктерді меңгеруге, үлкендермен және жолдастарымен, өзінің жеке басы мен болашағын, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру болады. Жасөспірім шаққа қадам басқан баланың қалыптасуында үлкен өзгерістер болуы, сана-сезімнің дамуындағы өзгеріспен анықталады. Жасөспірімдердің көпшілігі «мектеп ішілік тәртіпке» бейімделе алмауымен ерекшеленеді. Мектепке бейімделе алмау жасөспірімдерде олардың оқудан жиі қалып сабақты нашар оқуымен, ұстаздармен жанжалға түсуімен, үлкендерге қарсылық көрсетумен, құрдастарымен дауласуымен, мектептегі тәртіпті бұзумен бұзақылық әрекеттерге барумен, үйден қашумен, қасақана әрекеттер жасуымен көрініс табады. Қоғамның басқа топтарына қарағанда девианттық мінез-құлық жасөспірімдерде көбірек байқалады. Оның объективтік себебі, жасөспірімдерде құқықтық әлеуметтену процестері және делинквенттік мінез-құлық бір мезгілде жүреді.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құқының мәселелеріне арналған көптеген әдебиеттерде біршама басым пікір, көптеген девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер сәтсіз отбасыларынан шығатыны айтылған. Оған себеп олардың тұрмыстық жағдайының төмен болуы, отбасындағы жанжалдар, ата-анасының балаға немқұрайлы қарауынан болды. Осындай отбасыларда тұратын жасөспірімдерге көбінесе мектептегі оқу бағдарламасына үлгермеушілік, мектептегі құрдастарынан алыстап кетуі және ұстаздармен қарым-қатынастарының нашарлауы, сабақтан көп қалуы болады. Кейбір жағдайларда айналасындағы адамдар жақсы болса да, қалыпты отбасынан шыққан балаларда өз ортасының нормаларынан бас тартып, девиантты мінез-құлықтың белгілерін көрсетуі мүмкін. Дегенмен, статистикалық мәліметтер көрсеткендей, кәмілетке жасы толмаған құқық бұзушылардың 44% сәтсіз отбасында тәрбиеленгендер [3].

Қазіргі таңымызда девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді қалпқа келтіру, шуақты өмірге қосу, девиантты мінез-құлықты

алдын алу шараларын ұйымдастырудың маңызы артып отыр. Жасөспірімдердің девианттық мінез-құлқының алдын алу шаралары көптеген әлеуметтік институттардың көмегімен жүзеге асады. Ондай институттар қатарына: мектеп, отбасы, мектептен тыс мекемелер. Мысалы, үйірмелер, спорттық секциялар, және тағы басқалар. Бұл институттардың атқаратын қызметі, балалар мен жасөспірімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға дер кезінде көмек көрсету.

Негізі бала тәрбиесін үш топқа бөледі. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, сәбиге деген ата-ананың махаббаты ол жарық дүниеге келместен көп бұрын, ана құрсағында жатқан күннен басталуы керек. Оны – жүрек тәрбиесі деп атайды.

Бала жарық дүниеге келгеннен – 5 жасқа дейінгі аралықта берілген тәрбие – дүниетану тәрбиесі және адамгершілік әліппесі.

«Тәрбиенің негізі 5 жасқа дейін беріледі, 5 жасқа дейін берген барлық тәрбиеніз – бүкіл тәрбие процесінің 90 пайызы», – дейді А.С. Макаренко. «Бес жасар баладан маған дейінгі аралық – он қадам. Ал, жаңа туған нәрестеден 5 жасқа дейінгі қашықтық орасан зор» деген Лев Толстой.

Мектеп жасындағы 5 жастан 16 жас аралығында берілетін тәрбие азаматтық және адамдық тәрбиесі. Жарық дүниеге ұрпақ әкелген соң, оған дұрыс тәлім – тәрбие беріп, баланы саналы ұрпақ етіп қалыптастыру – әрбір ата-ананың міндеті. Бүгінгі бала – ертеңгі ұлт жалғасы, ел болашағы. Оларға сапалы білім, өнегелі тәлім-тәрбие беру тек мұғалім мен мектептің еншісіндегі нәрсе ғана емес сонымен қатар ата-ананың баласы алдындағы парызы.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді қайта тәрбиелеуде ең алдымен мектеп ішілік ережелерге бағынбайтын, жиі тәртіп бұзатын, бұзақылық әрекетке жиі баратын, сабаққа деген ынта-ықыласы жоқ оқушыларды мектеп және сынып бойынша анықтау керек. Сабаққа деген үлгерімі төмен оқушылардың барлығының тәртіпсіз бола бермейді, бірақта, девиантты мінез-құлықты

оқушылардың көпшілігі сабаққа немқұрайлы қарайды [2].

Сауалнама жұмыстарын жүргізу арқылы «девиантты мінез-құлықты» оқушылар мен оқытушылардың ара қатынасын анықтап шиеліністі жағдай болса оны шешудің жолын қарастыру қажет. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, девиантты мінез-құлықты балалардың көпшілігі бір немесе бірнеше ұстаздармен кикілжіңді жағдайда болады, ондай қарым-қатынас олардың түзелуіне кері әсер етеді.

«Девиантты мінез-құлықты» оқушылардың өз сыныптастарымен қандай қарым-қатынаста екенін анықтау және соған лайықты іс-шаралар жүргізу. Олардың көпшілігі сыныптастары арасында – бұзақы, жанжал шығарушы және өзі сияқты бұзақылардың көшбасшысы болып келеді. Ата-аналарымен және достарымен әңгімелесуі арқылы «девиантты мінез-құлықты» жасөспірімдердің бос уақыттарында кімдермен қарым – қатынас жасайтыны, қандай топтармен, орталармен болатынын анықтау қажет. Себебі жасөспірімдер бейресми топтарда болу арқылы олар темекі тарту, арақ ішу, наша қолдануды, құмар ойындарын ойнауды әдетке айналдырады [4].

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және түзету шаралары:

- девиантты мінез-құлықты жасөспірімді түзету барысында төзімділік, сабырлық танытқан жөн;
- педагог ұстаз этиканы сақтауы шарт «девиантты мінез-құлықты» жасөспірімді қадағалау, ар-намысына тимеу, орынсыз жазаламау;
- «девиантты мінез-құлықты» жасөспірімнің жақсы қасиеттерін анықтап арттыру, мадақтау, белсенділігін, талпыныстарына қолдау көрсету.
- девиантты мінез-құлықты баланың саналы түсінгеніне сенім көрсетіп, әділетті болған абзал;
- көптеген үйірмелерге спорт, өнер, қоғамдық жұмыстарға тарту, қатыстыру.
- девиантты іс-әрекеттегі балалар мен тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік

жағынан қорғау мен қолдануға бағытталған кешенді бағдарламаларды жасау;

- ата-аналар мен балаларға психолог, психиатр, нарколог тегін консультациялар беретін элеуметтік-психологиялық көмек орталығын құру;

- тәртібі нашар, сабақтан қол үзген қиын балалар үшін жекелей және жіктей отырып, білім беретін арнаулы метептер ашу;

- ішкі істер басқармасы мен бөлімдері элеуметтік-құқықтық қызметті ұйымдастыру;

- қараусыз қалған балаларды сауықтыруға бағытталған бағдарламаны жасау;

- тұрмысы төмен отбасыларды элеуметтік қорғау;

Осындай жоспарларда «девиантты мінез-құлықты» балаларға отбасында болатын әрекеттердің алдын алу, әртүрлі бұзақы топтардың жағымсыз әсерінен оларды қорғау, сабаққа ынта-ықыласын ояту, қандай істерге

оларды талаптандыру сияқты мақсаттар қойылып жатса нәтижесіз қалмасы әбден мүмкін. Әрбір жасөспірімді тәрбиелеп, білім беріп, дамытып, болашағын шуақты ету ол біздің ортақ міндетіміз. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімді қайта тәрбиелеп, жақсарту іс-шараларын жүргізсе қалыпты өмірге қосылуы әбден мүмкін. Әрбір бала, әрбір жасөспірім еліміздің жарқын болашағы.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының құқық бұзушылықтың алдын алу туралы заңнамасы.

2 Выготский Л.С. Собрание сочинений. – Т. 4. Детская психология. – М. 1984.

3 Ж.Жаназарова «Социология семьи» – Алматы, «Қазақ университеті», 2006.

4 Керимов Л.К. Трифонов В.В. Трудный подросток. – Алма-ата. 1989.

ӘӨЖ 371.48

*А. АЛТЫНБЕКОВ*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫН МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### *Аннотация*

Мақалада белгілі педагог Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасын мектептегі тәрбие үрдісіне ендіру мәселесі қарастырылады. Ғалым, ақын, тарихшы өзінің шығармашылығын жас ұрпақтың тәрбиесіне арнады, соның ішінде жастардың рухани қалыптасуына назар аударды. Автор тәрбиелік шаралардың жүйесін ұсынады.

*Түйін сөздер:* мұра, тәрбие үрдісі, рухани қалыптасу, элеуметтік- педагогикалық ойлар.

В статье рассматривается проблема внедрения наследия известного педагога Шакарима Кудайбердиұлы в воспитательный процесс школы. Ученый, поэт, историк свое творчество посвятил воспитанию подрастающего поколения, особенно обратил внимание духовному становлению детей и молодежи. Автор предлагает систему воспитательных мероприятий.

*Ключевые слова:* наследие, воспитательный процесс, духовное становление, социально-педагогические идеи.

In this article the questions of integration of the legacy of Shakarim Kudaiberdyuly into school educational process are considered. Scientist, poet, historian, he dedicated his work to the education

of growing generation, especially paying his attention to the moral formation of children and youth. Author proposes a course of educational activities.

*Keywords:* legacy, educational process, moral formation, socio-pedagogical ideas

Мектеп оқушыларының қазіргі жай-күйіне қарасақ, олардың кітап оқуға уақыты да жоқ секілді. Өйткені Абай, Шәкәрім сынды ақын, ғалым, ғұламалардың еңбектерінің өсіп келе жатқан жас буындардың өміріне тигізер пайдасы баршылық. Әсіресе қазіргі нарықтың экономика жағдайында қалай еңбектеніп, қалай мал (ақша, мүлік) жинауға болатынын олар өз практикасы тұрғысынан сынап көріп, айтып, ұғындырған. Соларды оқып үйренуге алдымен ынта, одан соң ықтиярлық және уақыт қажет.

Ғұлама, ақындардың өмірі, шығармашылығы мен мектепте оқушылар әдебиет, тарих т.б. сабақтарда танысады. Бірақ та олардың ойларына тереңдеуге бірінің өресі жетпесе, тағы бірінің уақыты жоқ. Оның үстіне компьютер, телефон секілді білім-ғылымнан гөрі ойын-сауыққа құмарландыратын құралдар тағы бар. Ғұламалардың адам өміріне қажетті ойларын оқушылардың санасына қалай сіңіреміз? Не істеу керек? Деген сауалдар туындайды.

Алдымен БАҚ және интернет, телекөрсетулерде Абай мен Шәкәрім мұраларын насихаттау жеткіліксіз. Соның ішінде балалардың жас және ішкі қажеттенуіне сәйкестендіру қажеттігі бар. Бұларды жүзеге асыру үшін мемелкеттік мекемелердің араласуы әбден керек.

Мектеп не істей алады? – деген сауалға келсек, оның мүмкіндігі мол. Алдымен Шәкәрім шығармаларының ойы терең, тілі күрделі болуы себепті оларды жоғары сыныптарда арнайы ұйымдастырылған шәкәрімтану курстарында жүзеге асыруға болады.

Бастауыш және жеткіншек жастағы балалар үшін маңызды пікірлерін тәрбие сағаттары мен әдебиеттік оқу тапсырмаларында ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Тәрбие сағаттарының мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Соған сәйкес біз төменде шәкәрімтану курсының бағдарламасы мен жеткіншек

жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушаларына арналған тәрбие сағаттарының жоспарын ұсынамыз.

Бұл жерде туындап отырған осы күні ұстаздар, ғалымдар мен ата-аналарды аландатып отырған бір өте күрделі мәселе, балалардың интернеттегі ойындарға құмарлануы және телекөрсетулердегі келеңсіздіктер. Олар өсіп келе жатқан жас адамның жандүниесін баурап алған десек те болады. Кітап оқитын бала өте аз, жеткіншек жастағы балалардың арасында тіпті жоқтың қасы деуге болады.

Ғұламалардың мұраларын мектеп оқушыларының барлығы сабақтан тыс уақытта уақытта оқуы міндеттеледі. Бірақ та балалар Шәкәрім мұраларынан өзіне қажеттісін тауып оқи ала ма? – сондықтан оларға бағыт-бағдар беру қажет. Бұны тәрбие сағаттарында және сабақтан тыс оқулар ұйымдастыруда жүзеге асыруға болады.

Мектептегі тәрбие жұмыстары және әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары оқушыларды тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, әлеуметтендіру, қатарға қосу, және қолдау көрсету секілді әлеуметтік педагогикалық шаралардан құралады. Оларда ақын өлеңдерін пайдалану үшін талдау, сараптау, әірікте жұмыстары арқылы төмендегі өлеңдерінен үзінділер келтіруге болад: «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Талап пен ақыл», «Насихат», «Піскен мен шикі», «Адамнан артық жанық жаралмаған», «Міндеу мен күндеу» өлеңі; «Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным», «Ақылдың жауабы», «Құмарлық деген бір ит бар», «Арамды судай сіміріп», «Адамдық борышын» [1] т.б.

Ақын, «Кейінгілер сөзімді оқыр. Бірі ұнатар, бірі сынап күлер. Сонда менің зарланумен өткенімді түсінер. Дүниенің рахатына сенім жоқ екенін түсінгелі басымды тауға да, тасқа да ұрып, ғаделет іздеп алқынғанымды білер. Қайран қу дүние, барлық арманыма жеткізбесінді білгем. Өттең! Тағы да



әттең! Абай ағам секілденіп «қолымды кеш сермеппін». Бірду-дырдумен, ел ішінің ұсақ-түйегімен, ата жолы деп билікке араласып, алтын уақытымды босқа өткеріпмін. Енді амал нешік. Менен кейінгілер қаулап өсіп кел жатқаны ғана көңілге медет. Мен жетпегенге солар жетеді деп үміттенем. Уақытым тарлығынан кейінгі жылдары ойыма келгеннің бәрін, нақ сол сәттегі көңіл-күймен қағаз бетіне түсіре бердім. Оным ала да, құла да шыққан болар. Менің бүгінгі жеткенім осы

болды. Ақтығыма, қазағыма адалдығыма, оған жарқын күндер тілегеніме сеніңдер халқым» деп өкінішін де, күйінішін де, үмітін де ақтарыла айтқан екен дана Шәкәрім.

Мектептегі әлеуметтендіру шараларында Шәкәрім мұраларын пайдалану үшін әлеуметтік педагогиканың кейбір ұғымдарына тоқталамыз Ол туралы ғалым, педагог И.Р. Халитова [2] «Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері» еңбегінде бірқатар анықтамалар келтірген.

**Кесте-1. – Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары мектептегі тәрбие жұмыстарында**

Тәрбие сағаттарының тақырыптары	Мақсаты	Әдістері мен формалары	Ұйымдас-тырушылар
Шәкәрім –Абай мектебінің шәкірті	Шәкәрімнің өміріндегі Абай ағысының ықпалы және ақын шығармашылығына әсер еткен қазақ ғұламалары, шетелдік ақын жазушылар жайлы түсінік қалыптастыру	Слайд:Абай мен Шәкәрім суреттері мен олардың өлеңдерінен үзінділерге балалар түсініктеме береді. Сұрақ-жауап, сұхбат, миға шабуыл т.б. технологиялар Сәтбаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы: Ғылым, 1993. С. 41-52. Ш.Құдайбердіұлы шығармаларының 3 томдық жинағы. Алматы, 2008	Сынып жетекші
Шәкірм өлеңдері арқылы өзін-өзі тану	Адамның өзін тануына әсер ететін өлеңдерін талдау арқылы оқушылардың өзіне назар аударуына ықпал ету.	«Міндеу мен күндеу» өлеңі; «Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным», «Ақылдың жауабы». Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000. 295-300 б	Әлеуметтік педагог
Құмар ойындардың зияны	Балаларға құмарлық деген не? Оның пайда, зиянын ұғындыру.	Шәкәрім, “Құмарлық деген бір ит бар”// “Иманым”, 190-192-беттер.; Шәкәрім, “Қайғылының ішінде жанар жалын”// “Иманым”, 170-172-беттер.	Сынып жетекші
Шәкірм нашар әдеттерге қарсы	Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлықтың рухани зардабы және адам ағзасына зиянын талдау	“Арамды судай сіміріп..”	Әлеуметтік педагог
Адам болу-борышың	Адамның ең жоғары құндылық екенін ұғындыру	Шәкәрім, “Иманым”, Алматы, 2000 ж. Шәкәрім, “Адамдық борышың” өлеңін талдау	Әлеуметтік педагог
Адам және ол өмір сүретін орта	Табиғи және әлеуметтік органың маңызын ақын шығармалары арқылы түсіндіру	Шәкәрім, “Адамнан артық жәндік жаралмаған” Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000,10-13б.	Сынып жетекші

Қайта тәрбиелеу. Әлеуметтік педагогикада қайта тәрбиелеу – мектепте, отбасында күйзеліске ұшыраған балаға (ересек адам) денсаулығын, психикасы мен әлеуметтік көңіл күйін қалыбына келтіруге көмектесу. Бұл ұғымның мәні – бойындағы бар жақсы қасиеттер мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс сыртқы факторлардың ықпалымен өзгеріп, нашар жағына қарай ауытқитын болса, соны қайта тәрбиелеу арқылы қалыбына келтіру. Бұл адамның бойындағы жүре пайда болған нашар қылықтарды жою не болмаса тежеуге арнаған тәрбиелік ықпал ету шаралары болып сол арқылы орнына қажеттісін сіңіру, қайта қылыбына келтіру. Әлеуметтік педагогиканың нысаны, белгілі бір себептермен күйзеліске душар болуы салдарынан тұлғаның мінез-құлқында қабылданған нормаларға қайшы келетін белгілердің пайда болуына бұзылуы.

Тұлғаның ел қатарлы өмір сүруіне шарт түзу мақсатында оларды қайта тәрбиелеу шаралары іске асырылады. Қайта тәрбиелеудің нәтижелі болуы тұлғаның тәрбиелік ықпалды саналы қабылдауына байланысты. Тұлға өзі бойындағы теріс мінездерді жоюды, оның орынына жақсысын сіңіруді мақсат етіп саналы қабылдауы маңызды. Әйтпегенде қайта тәрбиелеу іске аспайды. Бұл отбасында, мектепте не болмаса арнайы мекемелерде педагогикалық ұстанымдар мен тәсілдер, әдістер және технологиялар негізінде болуы істің нәтижелігіне септігін тигізеді.

Әлеуметтендіру. Белгілі бір себептермен күйзеліске душар болған, торығу нәтижесінде қатардан шығып қалған не болмаса саяқтық, оқшаулану секілді қоғамдық ортада өмір сүруіне кедергі болатын мінез-құлқын тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, қалыбына келтіру арқылы тұлғаны қатарға қосу. Әлеуметтендіру дегеніміз – сана-сезімі, психикасы, мінез-құлқына нұқсан келген не болмаса басқалара ұқсамайтын ерекше қабілетті адамдарды (баланы) қоғамдық ортада толыққанды өмір сүруіне қайтару үшін істелетін жұмыс жүйесі.

Адам туған сәттен бастап әлеуметтендіру ықпалына түседі. Отбасы тәрбиесі, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының барлығы да

оқушыларды әлеуметтендіруге арналған деуге болады. Себебі сол арқылы балалар болашақта қоғамдық ортада қатарынан қалмай өмір сүруге үйренеді, қажетті білім, білік, дағдыларды бойына сіңіреді. Бұл әрекеттерді меңгере алмаған, оқу-тәрбиеге көнбеген балалар арнайы әлеуметтендіру шаралары арқылы әлеуметтендіріледі. Сондықтан әлеуметтендіру, әлеуметтену-деген ұғымдар бар.

Әлеуметтік бейімдеу (социальная адаптация). Белгілі бір себептермен өмірі сүру салты бұзылуы салдарынан меніз мен ой-санасында кейбір бұзылулар пайда болған жекелеген адамдар мен адамдар тобына психологиялық, медициналық, педагогикалық және материалдық көмек беру, тәрбиелелу және қайта тәрбиелелу арқылы қоғамдық ортада толыққанды мүше ретінде өмір сүруіне шар түзу. Бұнда шаралара әсіресе қаладаун аулақ жерлерде тұрған балалар, не болмаса басқа бір мемлекеттен көшіп келген отбасылардың балалары мұқтаж. Олармен жүргізілетін тіл үйретуден бастап мәдени ортаға бейімедің барлығы осыған жатады.

Әлеуметтік-педагогикалық түзету (коррекция). Қазіргі кезде арнайы тәрбиелеуді, түзету (коррекция) педагогикасы дейтін ұғым кең таралып осыған орай, түзету, жәрдемдесіп көмек беру іс-шаралары кеңінен қолданыла бастады. Жоғары оқу орындарында түзету педагогиксы деген ғылым саласы оқытылуда. Оның мақсаты, адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеп өмір сүруге үйрету, ақыл есі кем, дамуы артта қалған, көмекке мұқтаж немесе барып тұрған тәртіпсіз адамдарды қайтадан тәрбиелеу, оқыту, іс-қимылын реттеу болып саналады. Көбінесе туа біткен мүгедек, мысалы, соқыр, мылқау, кемтар, ақыл-есі кем адамдар мен балалардың өміріне шарт түзіп, арнайы мекемелерге орналастырып, жұмыспен қамсыз ету арқылы көмектесу.

Әлеуметтік қатарға қосу (реабилитация.) Белгілі не белгісіз бір себептермен мінезі, сана-сезімі, жүріс-тұрысының қалыптылығы бұзылған балалармен жастар, ересек адамдарды оқыту, тәрбиелелу, қайта тәрбиелелу, психо-физиологиялық, медициналық амал-

дармен қайта қалыбына келтіру. Абай мен Шәкәрім мұралары мен шығармашылық өмірін зерттеуші ғалым М.Әліпхан «Шәкәрім ақын қазақ әдебиетіндегі көп ақынның бірі емес, ол-өзіндік ұстаным, жол, болмысы бар дара тұлға, белгілі бір қаламгер туралы ой айтпақ болғанда, оның өз сөзінен артық тірек, негіз бола қойымас.Ең әуелі Шәкәрім төрт аяқын тең басқан, нық басқан, өзіндік бағыты мен танымы бар ойшыл ақын» дей келе ғұлама ақын Шәкәрімнің шығармаларындағы адамгершілік іліміне бой ұрған. Ақын шығармаларының мүмкіндіктерін айта келіп ғалым Шәкәрім шағырмаларындағы тәр-

биелік ойларды әдебиет, философия, тарых ғылымдары тұрғысынан тереңдете қарастырған. Сондай ақ М.Әліпхан [3], ақын шығармаларының жастар тәрбиесіндегі маңызын атап көрсеткен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шаһкәрім. Шығармаларының үш томдық жинағы. – Алматы, 2008.

2 Халитова И.Р. «Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері»

3 Әліпхан М.Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. – Алматы, 2013.

ӘОЖ 372.851

*Қ.Ж. АЛЬМЕНБЕТОВА*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*  
*[azh.almenbetova@gmail.com](mailto:azh.almenbetova@gmail.com)*  
*Талдықорған қ., Қазақстан*

### ОҚУШЫЛАРДЫ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

#### *Аннотация*

Мақалада оқушылардың мамандық таңдау негізіндегі дайындықтары сипатталады. Мамандық таңдау әрбір оқушының өміріндегі ең негізгі сәт болып табылады. Егер дұрыс таңдау жасай алса, әлеуметтік ортада өзінің бар қабілеттерін толық ашуға мүмкіндігі бар. Осы мәселе негізінде Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников айналысқан.

*Түйін сөздер:* мамандық, кәсіби бағдар беру жұмысы.

В статье рассматриваются основы подготовки учащихся в выборе профессии. Выбор профессии является очень важным в жизни каждого учащегося. Если правильно сделать выбор, то в социальной среде есть возможность раскрыть все свои способности. Основателями данной проблемы занимались такие как Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников.

*Ключевые слова:* профессия, профориентационная работа.

The article covers the Basis of students' preparation in choice of profession. Choice of profession is very important in the life of every student. If correctly to make a choice, there will be the opportunity to discover all abilities in social l environment. .Esli right to make a choice , the social environment have the opportunity to discover their abilities . The founders of this problem are F.Galton, A.Kershenshteyner, G.Myunsterberg, P.P.Blonskii, Yu.P.Sokolnikov,

*Keywords:* speciality,professionally oriented work.

Мамандық «*professio*» – деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны білдіреді. Мамандық таңдауға бағдар беру – әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Мамандыққа бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П. Блонский, Ю.П. Сокольников,

Т.Н. Мальковская, Г.А. Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Осы идеяларға сүйене отырып, барлық ізгіниетті мемлекеттер өз ұрпақтарын тәрбиелеу барысында оларға кәсіби бағдар беру, кәсіп беру мәселелерін өз халқында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып, ғылыми негізде шешу жолдарын іздестіруде.

Жалпы білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелуде. Ал, шын мәнінде бұл қызмет көпқырлы және көпсырлы болуға тиісті.

Оқушыларды алдын-ала кәсіби диагностикадан өткізу проблемасын зерттеу үшін көптеген арнайы және жалпы диагностикалық әдістемелер жасалған. Оның ішінде Айзенк пен Стреляудың темпераментті өлшеу тестері, Бине-Симон жасаған интеллектуалдық қабілеттілікті анықтау шкаласы, Айзенктің интеллекті зерттеу тестерінің вербалдық, математикалық және техникалық субтесттері, Филипстің баланың мазасыздану деңгейін анықтау тесті, коммуникациялық және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу

тестері тағы сол сияқты көптеген әдістемелер. Олардың нәтижесін кәсіби бағдарлауда қолдану ережелерін Айзенк, Лемтес т.б. анықтаған.

Бұл жұмыстың мазмұны жеке адамның психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп, келесі компоненттер бойынша мағлұмат алудан тұрады:

- мінез-құлқының жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- жүйке қызметінің жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, кәсіби ниеттері туралы мағлұмат-тар алу;
- құндылық бағдарлануы;
- білімі, іскерлігі және дағдылары.

Кәсіби бағдарлауды жүргізуге негіз болатын идеялар жастарға білім беру тұжырымдамасында анықталады. Біздің мектеп тұжырымдамасында кәсіби бағдарлау идеясы әр адамға мамандықты дұрыс таңдауға қажетті қабілеттері мен қызығушылығын анықтауды ұйымдастыру. Әдіснамалық сипатта бұл проблема оқушылардың өмірлік және кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізудің даралық ұстанымы жатады. Бұл ұстаным бойынша оқушылардың өмірлік және кәсіби жоспарларына байланысты топтау арқылы, сыныптастыру жұмысын жүргізу негізінде оларға бағдар беру бағдарламасы анықталады.

Кәсіби бағдарлау жұмысын негізгі екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең – әлеуметтік-кәсіби бағдарлау. Бұл кезеңде балаларға жалпы мамандық, мамандық бойынша қызмет атқару, табыс көзі, мамандық шеберлік және сондай жалпы мағлұматтар беріледі. Бұл кезеңнің міндеттері:

- мамандық туралы жалпы ұғымды меңгерту, мамандықтар әлеміне саяхат жасау арқылы баланың мағлұматтылығын қалыптастыру;
- шебер адамдардың құрметке бөленетінін, олар материалдық және рухани байлыққа өз шеберлігі арқылы жеткендіктерін көрсету;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму тенденциясына байланысты қандай мамандықтардың болашағы мол деп болжамдауға болатындығын көрсету;



Туыстарының, таныстарының, достарының мамандықтарын, олардың перспективасын көрсету;

- еңбектің шығармашылық сипатымен таныстыру;

- еңбек романтикасы туралы мағлұмат беру;

- еңбектің материалдық және рухани байлықтың көзі екенін көрсету.

Осылайша еңбек, кәсіби әрекеттің өзі құндылық екенін айқындап, әрбір жеке адамның мамандықты дұрыс таңдап, өмірдегі өз орнын табуға ұмтылылығы болғанда ғана оның қызығушылығы одан әрі дамып, мәртебесі өсіп, жоғары мансаптық орынға ие болуына мүмкіндік туады. Мамандыққа қызығушылығы бар адамға оны толық және сапалы меңгеруіне жол ашылады.

Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда құндылықтардың қалыптасуына үлкен әсерін тигізетін нәрсе – мотивтер екенін ескеру қажет. Мамандықтарды таңдау мотивтерін алты топқа бөлуге болады:

- жалпы мотив беру;

- мамандықтың романтикасы;

- танымдық сипатындағы мотивтер;

- қоғамдық мәні бар мамандық таңдау мотиві;

- беделге, үлгіге сүйену;

- мотивацияланбаған таңдау.

Барлық мотивтері сипаты бойынша төрт топқа бөлеміз: а) нақты еңбекке бағытталған, мақсаты анықталған, дәлелге негізделген мотивтер; б) нақты емес, жеткіліксіз себептестірілген мотивациялар; в) сенімсіз, негізсіз мотивациялар; г) ешқандай негізі жоқ мотивациялар.

Өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтыла отырып, адам өз алдына нақты бір мақсат қояды, бірақ бұл мақсат өз бетімен жүрмейді, ол адамның бағыттылығымен тығыз байланысты жүреді де оның барлық іс-әрекеттерінің бағдарламасын болжамдайды. Қажеттіліктерді, қызығушылықтарды қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру нақты бір мәселелерді шешусіз, сәйкесінше жұмысты орындаусыз мүмкін емес. Сондықтан әрбір жағдайда адам, объект, құбылыс немесе іс-

әрекет түрлерін таңдайды. Осылайша таңдау жеке адамның қажеттілігін өтейді.

Мамандық таңдау мотивтерін анықтауға арналған көптеген әдістемелер бар. Оларды қолданып зерттеу жүргізу нәтижесінде балалардың мектеп бітіру шағында мотивациялық сферасы өте нашар көрініс беретіндігі анықталған. Бұл жағдай мектеп түлектерінің қалаулары анықталмастан, болашақ өмір жолын анықтауға өздері үлес қосуға шамасы келмейтіндігін көрсетіп отыр.

Жеке адамның басқа психикалық қасиеттері де өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстылықты былайша көрсетуге болады: қажеттіліктер – қызығушылықтар – объективті құндылықтар – мотивтер – мақсат – таңдау.

Кәсіби бағдар беру барысында балалардың іс-әрекет түрлеріне қабілеттілігін анықтаудың орны ерекше. осы заңдылықты ескере отырып, біртіндеп бейімділікті тәрбиелеу керек. Бейімділік деген адамның тіршілік объектісіне ықыласымен, жасампаздықпен, шығармашылықпен қарауы және оны меңгеруге белсенділік білдіру. Әдетте оқушының тапсырмаға деген бейімділігі болса, оны орындауға бала уақытын үнемдемейді және өз тілегін сапалы орындалғанын талап етеді. Осы әрекет барысында бала табысты болса, ол қабілетінің бар екенінің кепілі.

Қабілеттіліктің негізгі көрсеткіші ретінде жаңа білімді және іскерлікті тез және сапалы меңгеруі, ептілігін жетілдіруге ынтасы, іс-әрекет нәтижесінің жоғары дәрежеде болуы. Оқушыларда кәсіби бағдарланудың нәтижесі ретінде біз тек мектеп бағдарламасын меңгеруі емес, сонымен қатар қандай-да бір мамандықты меңгеруге бейімділігін қарастырамыз. Қабілет дегеніміз адамның білімді, іскерлікті, дағдыны тез және сапалы меңгеруі, іс-әрекетте табысты болуы, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі.

Білімге, ептілікке және дағдыға деген қатынасында адамның қабілеті, қандай да бір мүмкіндігі ретінде көрінеді. Білім, іскерлік, дағдыларды адамның меңгеруі көптеген жағдайларға байланысты жүреді. Мысалы, қоршаған ортасының әсері адам қалай

оқытылғаны, оның іс-әрекеттері қалай ұйымдастырылғаны, қарым-қатынас мәдениетіне үлкендердің қандай үлгілері негіз болды – бұлардың бәрі күнделікті өз әсерін тигізіп, сол адамның барлық адамдық қасиеттерді меңгеріп, өзінің қабілеттерін ашуға негіз болады.

Адамның қандай да бір мамандыққа қабілетін дамытатын қолайлы жағдайлар туындаған кезде жоғарыда аталған шарттар мен физиологиялық процестер көрініс береді. Соның нәтижесінде адамның қабілетінің нышаны ашыла бастайды. Адамның мамандықта табысты болуын болжамдау оның табиғи қасиеттерінің ерекшеліктерін зерттеуден бастау керек. Сонымен қатар қабілеттен басқа жеке даралық ерекшеліктерге мінез-құлық ерекшеліктері темпераментпен өте тығыз байланысты.

Бұл қасиеттер консервативтік, кертартпа әсері бар, тұрақты қасиеттер.

Қабілет ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген Б.М. Теплов оны жалпы және арнайы қабілеттерге бөлген. Жалпы қабілет адамның өміріне қажетті барлық іс-әрекет түрлерін тез меңгеруі және оларды сапалы орындауы. Арнайы қабілет адамның іс-әрекет түрлерінің бір саласында ерекше табысқа ие болуын қамтамасыз етеді. Мысал ретінде музыкалық, көркем-өнерлік қабілеттерді атап өтуге болады.

Мамандыққа бағдарлау барысында осы қабілеттердің түрлерін нақты анықтап, іс-әрекеттің қандай түрлерінде адам ерекше табысқа тезірек жететінін болжамдауға мүмкіндік туады. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған әдістемелер өте көп. Солардың ішінен Айзенк тестерін атап өтіге болады. Айзенк тестері сегіз субтесттен тұрады. Әрқайсысы 50 тапсырмадан құрылған. Олардың ішінен вербалдық, математикалық, техникалық қабілетті анықтау субтестілері деп әр түрін жеке дара қолданып, іс-әрекеттердің қай түрінде адам өзінің қабілеттерін толық ашуға мүмкіндіктері молырақ екені анықталады.

Мамандық бағдар беру барысында балалардың психикалық ерекшеліктерін жан-

жақты диагностикалау арқылы олардың болашақта қай салада табысты болуға мүмкіншіліктері молырақ екенін анықтауға көмек көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша балалармен кеңес жүргізіліп, олардың пәндерге қызығушылығы, мектептен тыс қызығушылығы, мамандық таңдау мотивациялары, ата-аналарының мамандықтары, мамандықтар туралы мағлұмат алу көздері тағы көптеген мәселелер анықталады.

Адамдардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты ғылыми негізде ұйымдастырылған түрі 1908 жылы Бостон қаласында кәсіби кеңес беру бюросы ашылған күннен басталды деп айтуға болады. Ал, шын мәнінде кәсіби бағдарлау ежелгі дәуірде де орын алған. Бұл проблема адамзаттың қоғамдық даму қажеттілігінен пайда болды, сондықтан оның қоғам сияқты өзіне тән даму тарихы бар. Әрине кәсіби бағдарлау мамандықтардан бұрын пайда болуы мүмкін емес. Адамзаттың даму барысында топ мүшелері орындайтын функцияларының анықталуы мен байланысты, жануарлар өсіріп, дихандықпен шұғылдана бастағаннан, балаларға арнайы тәлім-тәрбие беру, оны болашақ өмірге даярлау көптеген жаңа проблемаларды тудырды. Адам өміріндегі барлық қажеттілікті қанағаттандыруға қажетті іс-әрекет түрлерін кәсіп деп атаумен байланысты сол кәсіпке тәрбиелеу жолдары да анықтала бастады.

XIX ғасырдан бастап, кәсіби бағдарлау қоғамдық процеске айналып кәсіби диагностика, кәсіпке жарамдылықты анықтау аяқ ала бастайды. Сонымен қатар кәсіби ағарту, кәсіби кеңес беру, әлеуметтік кәсіби адаптация және кәсіби тәрбиелеу ғылыми жағынан байыптталып зерттеліне бастады.

Бұл жұмыс әр адамның жекелік психикалық ерекшеліктерін анықтап, әр адамның тіршілік түрлеріне икемділігін анықтаумен ұштастыру мәселелері қарастырылады. Ағылшын ғалымы Ф.Гальтон жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда анықтаудың іргетасын құрушылардың бірі болды. Осы айырмашылықтарды зерттеу мақсатымен Ф.Гальтон Лондонда 1888 жылы халықаралық медициналық және денсаулық

сақтау әдістерін қолдану көрмесін ашты. Көрмеге келушілер өздерінің тән қабілетімен қатар психикалық ерекшеліктерін 17 көрсеткіштер бойынша анықтап алуға мүмкіндіктер жасалды.

1908 жылдың қаңтар айында Бостон қаласында жастарды кәсіби бағдарлау жұмысының алғашқы бюросы ашылып, мұнда талапкерлердің өмірлік еңбек жолын анықтауға көмек беретін әдістемелер қолданыла бастады. Бұл бюроның іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда негізделген кәсіби бағдарлаудың бастамасы деп айтуға болады. Көп ұзамай осыған ұқсаған бюролар Нью-Йоркте ашылды. Оның міндетіне әр түрлі мамандықтардың адамға қоятын талаптарын зерттеп, мектеп оқушыларының қабілетін анықтау болды. Бұл бюроның негізін құрушылардың бірі Ф.Парсонс табысты мамандық таңдаудың үш негізгі факторларын бөліп көрсетті:

- әр адамның өзін-өзі дұрыс бағалауы, өзінің іс-әрекет түрлеріне бейімділігін, қабілетін, қызығушылығын, ұмтылысын, мүмкіндіктерін және кемшіліктерін дұрыс бағалауы;
- әрбір таңдаған мамандық бойынша қызмет атқарғанда табысты жұмыс істеу үшін ненің қажет екенін білуі;
- мамандықтың талабы мен байланысты білімді өзін-өзі бағалаудың нәтижесін үйлестіре алуы.

Осы және көптеген әлеуметтік психологиялық зерттеулердің нәтижесінде 1911 жылы Англияда 17 жастан төмен оқушыларға мамандық таңдауға міндетті түрде көмек көрсету туралы Заң қабылданды.

Кәсіби жарамдылығы бойынша мамандарды таңдаудан өткізуге АҚШ-та ерекше көңіл бөлінді. Психотехникалық зерттеулердің негізін құрушылардың бірі, Гарвард университетінің психологиялық зертханасының директоры Г.Мюнстерберг, кәсіби таңдау жүргізу технологиясын анықтап, зертханада көптеген әдістемелер жасады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында әскери техниканы басқарушылардың кәсіби жарамдылығын анықтап, іріктеп алу қажет болды. Сол себепті көптеген арнайы зерттеу-

лер жүргізілді. 1922 жылы Германияда кәсіби бағдарлау және кеңес беру жүйесін құру жайлы Заң қабылданды. Кәсіби кеңес беру бюросының ұстанымдары бойынша еңбек биржасында мынадай ережелер құрылды:

- жеткіншектерді мамандық таңдауға жоғары түрде даярлау;
- бюро жұмысын мектептермен тығыз байланыста ұйымдастырып, мектеп бітірушілермен арнайы жұмыстарды келесі бағыттарда жүргізу:
- мамандықтар туралы мағлұматтар беру;
- мектеп бітірушілердің жекелік қасиеттерін анықтау үшін психологиялық зерттеулер жүргізу;
- жұмысқа немесе кәсіби мектептерге ұсыныс хат толтыру.

Кәсіби бағдарлаудың ғылыми педагогикалық негізін қалауға, халыққа білім беру жүйесін бұрынғы Кеңес жерінде құруға А.В. Луначарский, П.П. Блонский өз үлестерін қосты. Кәсіби кеңес беру бюросы 1927 жылы Санкт-Петербургте ашылды. Бұл жерде мамандыққа баулу тәжірибесімен қатар ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1928 жылы П.П. Блонскийдің «Педагогика негіздері» деп аталатын еңбегі жарық көрді. Тәжірибелік психологиялық білімді ол кезде педагогика деп атады. Осы еңбекте жеке адамның тұлғалық қасиеттерін жан-жақты зерттеу және ағзаның физиологиялық ерекшеліктерін анықтау әдістемелері жүйеге келтіріліп берілді.

Бұл тәжірибе Батыс Еуропа елдерінде өте кең тараған. Адамдардың жекелік қасиеттерін, интеллектуалдық іс-әрекеттерге икемділігін, жан мен тәннің бір-біріне тәуелділігін т.б. көптеген проблемаларды зерттеу жолдарын анықтап, оларды психологиялық кеңес беруде қолдану жолдарын еуропалық ғалымдар К.Айзенк, Кеттел, Бине, Симон т.б. зерттеді.

1984 жылы қабылданған Кеңес мектептерінде жүргізілген реформаның материалдарында мектептерде психологиялық қызметтерді ұйымдастырып, психологиялық зерттеулерді кеңінен қолдану қажеттілігі көрсетілген. Сонымен қатар психологиялық кеңес беру орталықтарын ашу туралы көптеген

ұсыныстар жасалған. Осы кезден бастап көптеген Ресей мектептерінде, Балтық жағалауындағы мемлекеттерде мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру орталықтары ашыла бастады. ССРО ғылым академиясы жанынан мамандық бағдар беру ғылыми зерттеу институты ашылып, онда осы бағытта көптеген зерттеулер жүргізілді.

Кәсіби бағдар беру проблемалары Қазақстанда педагогика ғылымдарының докторлары, профессор А.П. Сейтешев, Г.А. Уманов, Л.К. Керимов, және олардың шәкірттері жан-жақты зерттеді. Кәсіби бағдар беру – психологиялық, педагогикалық және медициналық іс-шаралар жиынтығы. А.П. Сейтешев баланың дүниеге көзқарасының қалыптасуына негіз – мамандыққа баулу және кәсіби бағдарлау болады деген. Бұл жұмыс жастардың тілегі, ықыласы мен олардың мүмкіндіктерін бір-бірімен үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар халықтың тұрмыс шаруашылығы мен жалпы қоғамда мамандарға деген қажеттілікті ескере отырып, еңбекке жарамдылық процесін оңтайландыруға бағытталған.

Қорыта келе, мамандыққа бағдарлау проблемасын шешуге арналған іс-шараларды қанша ерте бастаса, оның нәтижесі сонша тиімді болады. Қазіргі кезде мектептердегі мамандыққа баулу және мамандық бағдар беру жұмысы жүйеге келтірілмеген екендігі анық байқалады. Бұл жұмыс мектепте психологиялық қызметті ұйымдастырудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Осы проблеманы мектеп тәжірибесінде шешу жолдарын анықтау оңай емес. Өйткені психологтар арсеналында қазақ мектептерінде мамандық бағдар беру барысында пайдаланылатын әдістемелер өте кем. Сондықтан жүргізілген зерттеулер нәтижесінде келесі қорытындылар жасадық.

1. Мектептерде мамандық бағдар беру жұмысын жеткіншек жас кезеңінде ұйымдастырудың маңызы өте үлкен. Өйткені осы жас кезеңінде балалардың тәжірибелік интеллекті қалыптаса бастайды. Осы психологиялық ерекшеліктеріне байланысты балаларды болашақ мамандығы

терең толғандырады. Бұл проблеманы зерттеушілер Т.Н. Мальковская, Ю.П. Сокольников, А.П. Сейтешев т.б. мамандық қызығушылықтың қалыптасуына осы кезеңді синзитивті деп атауға болады. А.П. Сейтешевтың айтуы бойынша болашақ мамандығын ерте анықтаған баланың жаман жолға түсуге уақыты қалмайды. Сондықтан көптеген педагогикалық-психологиялық проблемаларды шешудің тиімді жолы болып табылады.

2. Мамандыққа бағдар беру барысында балалардың жекелік психологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп, жеткіншек жас кезеңінде кездесетін акцентуация, мазасыздану басқа ауытқулардың ерекшеліктерін анықтап, оның ерекше дамып кетпеуін болдырмай, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге ыңғайлы жағдай туады. Өйткені, балалардың ауытқуын анықтау үшін зерттеу жүргізу мен мамандық бағдар беру үшін жүргізілетін зерттеулердің олардың психологиялық жағдайына тигізетін әсерлерінің айырмашылығы өте үлкен. Мамандық бағдар беруге жүргізілген зерттеулерді осы буындағы негативизмі асқынып тұрған балалар оң бағалап қабылдайды.

3. Мамандық бағдар беру көпәспектiлi проблема. Сондықтан бұл жұмыс бірнеше кезеңде ұйымдастырылады:

- жеткіншек жас кезеңінің даму ерекшеліктерін анықтау;
- балалардың жекелік психикалық қасиеттерін зерттеу;
- әлеуметтік ортаның даму ерекшеліктеріне байланысты қазіргі кезде керекті мамандықтарды насихаттау;
- оқушылардың қызығушылықтары мен қарым-қатынасқа бейімділігін анықтау;
- мамандық таңдау мотивтерін зерттеп, олардың құндылықтарға сай келетінін талдау.

4. Балалардың жекелік психикалық қасиеттерін зерттеу барысында олардың акцентуациясы анық байқалатыны, мазасыздануы жоғары анықталды. Балалардың мамандыққы қызығушылығын зерттеу барысында олардың басым көпшілігі «адам-адам» қатынасқа жақын екендігі, және бұл қатынас талап ететін



криминалисттік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің едәуір дамығанын анықтаймыз.

5. Психологиялық қызметті ұйымдастыру барысында балаларға кәсіптік бағдар беру жұмысын қанша ерте ұйымдастырса, оның нәтижесі сонша тиімді болады. Сондықтан мектеп психологі тарапынан жүргізетін мамандыққа баулу жұмыстарын орта буын оқушыларынан бастағаны орынды екені дәлелдеуді талап етпейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абрамова Г.С. Практическая психология. – М., 2001.

2 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы, 1996.

3 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004.

4 Золотнякова А.С. Проблемы психологии общения (социальный и личностные типы общения, их профессиональные, познавательные и генетические аспекты). – Ростов-на-Дону, 1976.

5 Кристофер Э., Смит Л. Тренинг лидерства. – Питер, 2001.

6 Петровский А.В. Способности и труд. – М., 1996.

*А.Ә. БУЛАТБАЕВА, Л.Т. ИБРАГИМОВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Жалпы және этникалық педагогика кафедрасы*

*[a.bulatbaeva@yandex.kz](mailto:a.bulatbaeva@yandex.kz)*

*Алматы қ., Қазақстан*

### **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

#### *Аннотация*

Мақалада адамгершілік тәрбиесі ұлттық құндылықтар мен жалпы адами және мәдени қасиеттерді игерген, ұйымдасқан педагогикалық үдеріс ретінде көрсетілген. Авторлардың пікірінше, қазіргі заман талабы мектептердің мазмұндық жақтан өзгеруін, заманға сәйкес адамгершілік тәрбиесін берудің формалары мен әдістері әлеуметтік-педагогикалық жағынан шынайы болуын талап етеді. Осыған байланысты авторлар мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің әлеуетін қарастырып, оның оқушыларға берер адамгершілік тәрбиесіне талдау жасады. «Өзін-өзі тану» пәні тұлғаның өзіндік дамуы мен өзін-өзі жетілдіруі үшін және біліктілігі мен дағдысын қалыптастыратын өте қажетті пән болып саналады.

*Түйін сөздер:* «Өзін-өзі тану» пәнінің енгізілуі, адамгершілік қасиеттері, тәрбие теориясы, тәрбиелік жұмыс.

В статье подчеркивается, что нравственное воспитание – это педагогически организованный процесс усвоения и принятия базовых национальных ценностей, освоения системы общечеловеческих ценностей и культуры. По мнению авторов новое время требует от школы изменения содержания, форм и методов нравственного воспитания адекватных современным социально-педагогическим реалиям. Исходя из этого дан исторический экскурс в развитие теории воспитания. Авторами рассмотрен потенциал школьного предмета «Самопознание», проанализированы ключевые его моменты в нравственном воспитании школьников. Предмет «Самопознание» является необходимым условием саморазвития и самоактуализации личности, оказывает под-

держку и содействие учащимся в приобретении жизненно важных умений и навыков широкого спектра.

*Ключевые слова:* внедрение предмета «Самопознание», нравственные качества личности, теория воспитания, воспитательная работа.

#### *Annotation*

In article it is emphasized that moral education is the pedagogically organized process of assimilation and acceptance of basic national values, development of system of universal values and culture. According to authors the modern times demand from school of change of the contents, forms and methods of npravdstvenny education adequate to modern social and pedagogical realities. Proceeding from it historical digression to development of the theory of education is given. Authors considered the potential of the school subject “Self-knowledge”, its key moments in moral education of school students are analysed. The subject “Self-knowledge” is a necessary condition of self-development and self-updating of the personality, gives support and assistance to pupils in acquisition of the vital skills of a wide range.

*Keywords:* subject “Self-knowledge” introduction, moral qualities of the personality, education theory, educational work

#### *Kіpіcne*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Өзін-өзі тану» пәнін 2010 жылдан бастап мектепке дейінгі мекемелердің, білім беру мектептерінің, колледж және педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесіне жаппай енгізу туралы шешімін қабылдады [1]. Экспериментке қатысқан ғалымдар, әдіскерлер, практиктер Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне «Өзін-өзі тану» пәнінің енгізілуі ұлтымыздың адамзаттық қорларының сәтті дамуына, әсер ететіндігіне сенімді. Әсіресе, бұл еліміздің ХХІ ғасырдағы инновациялық-технологиялық алға шығуын қамтамасыз ететін міндеттерді шешіп жатқан аз тұрғыны бар Қазақстан үшін қазіргі уақытта өте өзекті. Адамгершілік тәлімі жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады. Жаман әдет пен теріс қылықтан тазарып, жаны таза, көңілі ақ, рухани сезімдерге бай адам болып қалыптасу – өзекті мәселе.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

*Keywords:* society, intellectual, self-control, process.

Психологтардың пайымдауынша дені сау кез келген адам қандай да бір қызметке бейім болады, ештеңеге ыңғайы не бейімдігі жоқ адам жоқ. Оны күнделікті практика да көрсетіп жүр. Бейімдік дайын күйінде адамға берілмейді, ол жеке адамның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты өмір сүру кезінде, оқу барысында қалыптасады. Мектепте жеке тұғаның неге бейім екенін айқындалып, оны дамыту арқылы әр тұлғаның қоғамдағы орны мен тигізер пайдасын ұтымды қолдану мәселесін дұрыс шешуге мүмкіндік алады.

Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мәселе – оқушыларға білім бере отырып оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылын, қабілетін жан-жақты дамыту [1] Бастауыш сынып – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытудың негізгі кезеңі. Өйткені балалардың ойлары осы кезеңде нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды.

Кіші мектеп жасы барлық танымдық процестердің, соның ішінде ақыл-ойдың дамуында үлкен әлеуетті иеленеді. Балалардың ақыл-ойының дамуына арналған өзінің соңғы функцияларының бірінде Л.С. Выготский дәл кіші мектеп жасының өзі ойлаудың белсенді

даму кезеңі болып табылатындығын көрсетті [2] Бұл даму ең алдымен, сыртқы қызметке тәуелсіз ішкі зияткерлік қызметтің, өзіндік жеке ақыл-ой әрекеттерінің жүйесінің пайда болатындығына байланысты. Қабылдау мен есте сақтаудың дамуы қалыптасатын зияткерлік процестердің нақты әсерімен өтеді. Өзге сөздермен айтсақ, жастардың жалпы жүйесіндегі кіші мектеп жасының ролі мен мәнін белгілеу маңызды.

Егер бірінші класта баланың ойлауы әлі де мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске салатын болса, балалар өз ойларында негізінен сезу тәжірибесіндегі нақты заттарға сүйенеді, оларды ой тұжырымдары көрнекі сілтемелерге негізделген, үшінші сыныпқа қарай ойлау операцияларының абстрактілік-логикалық жаққа қарай күшті ілгерілеуі байқалады. Байланыстарды көрсетуді талап ететін сабақтарда алынатын білімнің көлемі артады. Оқушылар түрлі заттар мен құбылыстарды жіктеп үйренеді, бұл, өз кезегінде, ақыл-ой қызметінің неғұрлым күрделі нысандарының дамуына алып келеді. Орта буынға көшкен кезде оқушылардың көпшілігі қорытынды жасай, талдау және синтез жасай алады, адами сапалар мен қабілеттері де қалыптасады.



З.В. Птицинаның зерттеулерінде адами сапалар мен қабілеттердің дамуы үшін көбінесе оқушының ғылыми зерттеу әдістемесін меңгеруіне, абстрактілеу, салыстыру, қорыту, талдау және синтездеу сияқты жаңаны тануына көмектесетін жағдайлар талап етіледі [3].

Ойлау тәсілдерін қалыптастыру тәртібі туралы мәселені Н.Ф. Талызина жан-жақты зерттеді. Ол жекелеген тәсілдердің қалыптасу тәртібін төмендегіше айқындайды:

- талдау және синтездеу;
- салыстыру;
- абстрактілеу;
- қорыту;
- нақтылау [4-486.]

Ғылыми зерттеулерді саралай отырып осы аталған тәсілдерді былайша анықтама берген.

- «Талдау» – зерттелетін объектіні оған тән құрамдағы элементтерге іс жүзінде немесе ойша бөлу, ондағы жеке жақтарды ажырату, объектінің әрбір элементін немесе жағын тұтастың бөлшегі ретінде жеке зерделеу [5, 453 б.].

- «Синтездеу» – зерттелетін объектінің элементтерін (бөліктерін) немесе қасиеттерін біртұтасқа біріктіру [5, 453б.].

- «Салыстыру» мақсатын – салыстыру заттары туралы теориялық мәліметтерді қайталай отырып, салыстырудың басты белгілерін ажырату – қандай да бір заттың ерекшеліктерін (ұқсастықтарын) анықтау – салыстыра отырып қорытынды жасалады [6, 85б.].

- абстрактілеу – заттар мен құбылыстардың елеулі ерекшеліктерін ойша ажырату және оларды нақты бір тұрғыдан қарағанда елеусіз заттардан шеттетілу болып табылады [7, 16].

Біздің зерттеуіміз үшін қажетті келесі операция – қорыту.

- «Қорыту» – бұл берілген заттар мен құбылыстардағы ортақты табу [8, 596].

Бұл ортақ белгілер немесе бөлшектер, элементтер және т.с.с. болуы мүмкін. Ортақты табу заттарды салыстыруды, берілген заттардың әрқайсысындағы ортақ белгілерді ажыратуды және соңғысын осы белгілер бойынша біріктіруді қамтиды.

Осы аталған тәсілдер бойынша бастауыш сынып оқушыларының алған білімі белгілі бір түрде жүйеленеді. Біртіндеп оқушылар жалғыз дара білімнен оларды қорытуға, одан соң жүйелеу мен жіктеуге көшуді өзбетімен қамтамасыз ете алады, бұл логикалық ойлау қабілетін қалыптастырады.

Салыстыру, талдау және синтездеу, абстрактілеу, жіктеу және қорыту сияқты ой операциялары негізінен кіші жасөспірімдік жаста кешенді түрде дамуы тиіс. Осы ойлау операцияларының алгоритмдерін ескере отырып, логикалық ойлауды дамытудың кіші деңгейлерін ажыратамыз.

Бірінші деңгейде оқушылар қабылдауды, есте сақтауды, қиялды белсендендірудің арнайы әдістемелік тәсілдерінің көмегімен қандай да бір операцияның мұғалімнің басшылығымен нақты мысалмен ара қатысын белгілеуі тиіс. Бұл деңгейде кіші жасөспірім оқушылар салыстырудың басты белгілерін ажыратады. Сонымен қатар жасөспірім кездегі талдау-синтетикалық қызметтің маңыздылығын ескере отырып, бұл деңгейге, объектіні талдауды оның тұтас картинасын қалпына келтіруге жетелейміз. Кіші жасөспірімдердің логикалық ойлауын дамытудың екінші деңгейін жіктеу негіздерін, салыстыру объектілерін, талдау өлшемдерін, қорыту объектілерінің басты сипаттамаларын ажырату қабілетімен сипаттайтын боламыз. Оқушылар салыстыру сияқты ойлау операциясын аяғына дейін жүргізе білуі тиіс.

Үшінші деңгейде оқушылар талдау-синтетикалық қызметті, абстрактілеуді, жіктеуді толықтай жүзеге асырады.

Н.Н. Поспеловтың және Н.И. Поспеловтың қорытуды меңгеру үшін оқушы индукция мен дедукцияны меңгеруі, яғни талдау-синтетикалық қызметі жүзеге асыра білуі тиіс екендігі туралы қорытындыларын ескере отырып, бұл деңгей үшін қорытуда объектілердің ортақ қасиеттері мен қатынастарын ажырату міндетті деп айқындаймыз.

Төртінші деңгей – жоғары, оқушылар жоғарыда тізбеленген барлық ой операцияларын жүзеге асыра білуі тиіс.

Кіші мектеп жасы үшін жетекші қызмет оқу болып табылады. Оқу қызметінің талаптары оқушыларды міндетті түрде олардың бүкіл психикалық процестерінің сипаттамасы ретінде қабілеттер мен еріктіліктің қалыптасуына алып келеді. Еріктілік баланың күнде одан оқушы позициясы талап ететін нәрсені орындауының нәтижесінде қалыптасады: түсіндірулерді тыңдайды, есептерді шешеді және т.с.с., біртіндеп келе, ол өзінің қалағанын емес, жасауға тиісті нәрсесін жасауға үйренеді. Осылайша, оқушылар өзінің мінез-құлқын басқаруды (қандай да бір дәрежеде) үйренеді, өзін-өзі басқару қабілеті жетіледі.

Сонымен қатар мұғалім баладан тек есепті шешуді ғана емес, оның дұрыстығын негіздеуді талап етеді. Бұл біртіндеп баланың сезіну, өзінің не жасап отырғанына, не жасағанына есеп беру қабілетін қалыптастырады. Бала тек мәндік мазмұнды беріп қана қоймайды, нақты мақсатқа бағындыра отырып, оны реттейді. Тағы да бір маңызды міндет – оның дұрыс жасағанын және оның неге дұрыс деп санайтынын бағалау. Адамның өзінің не жасап жатырғанын сезіну және дәлелдеу, өз қызметін негіздеу қабілеті рефлексия деп аталады. Сондықтан кейбір зерттеушілер логикалық ойлаудың тиімді дамуының «дербестікті және ұсынатын талқылауларының негізділігінің дамуы» сияқты шартын ажыратады.

Оқудың бастапқы кезеңінде бірінші сыныптың оқушылары үшін сыртқы заттарға, модельдерге, суреттерге сүйену қажет болады. Біртіндеп олар заттарды сөздермен алмастыруды (мысалы, ауызша есептеуді), басында заттардың бейнелерін сақтауды үйренеді. Бастауыш мектепті аяқтағанда оқушылар

әрекеттерді өздігінен, – ақыл-ой тұрғысында – орындай алады. Бұл, олардың зияткерлік дамуы жана сатыға көтерілгендігін, олардың ішкі әрекеттер жоспарының қалыптасқандығын көрсетеді. Жүйелі жүргізілген ой операциялары ғылыми ұғымдарды қалыптастыру үшін негіз дайындайды және зияткерлік дамудың соңғы кезеңінде, яғни формалды операциялар кезеңінде жасөспірім объектілерге нақты байлануынан босайды және сол арқылы үлкен адам сияқты ойлау мүмкіндігіне ие болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007.
- 2 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1996.
- 3 Птицына З.В. Формирование мыслительных операций на уроках математики. – М.: Просвещение, 1999. – 132 с.
- 4 Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. – М.: Знание, 1983. – 48 б.
- 5 Пospelов Н.Н., Пospelов И.Н. Формирование мыслительных операций у старшеклассников. – М.: Педагогика, 1989. – 152 с.
- 6 Паламарчук В.Ф. Школа учит мыслить. – М.: Просвещение, 1987. – 208 с.
- 7 Бирюков Л.А. Формирование приемов умственной деятельности учащихся. Прием абстрагирования в процессе преподавания физике в 6 классе. – М., 1980. – 38 с.
- 8 Кабанова-Меллер Е.Н. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся. – М.: Просвещение, 1968. – 288 с.

УДК 81'243 (574)

*D.KH. SHALBAEVA, G.N.OMAROVA*

*Academician Ye.A. Buketov Karaganda State University  
Karaganda, Kazakhstan*

## **THE FACTORS AND BASIS OF POLYLINGUAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN**

### *Annotation*

The article, basing on The Message from the President of Republic of Kazakhstan Nazarbayev N.A. "The new Kazakhstan in the new world" attempts to examine the factors and basis of polylingual education in Kazakhstan, the problems of polylingual education in Kazakhstan, theoretical foundation of polylingual education and the cultural project «The unity of three languages» in Republic of Kazakhstan. So, according to the Message from the President, Kazakhstan must be accepted as a highly developed country where the population speaks three languages. The authors define the set of factors and basis of polylingual education and consider ethnolingual didactics as the science to investigate the objective laws of polylingual education.

*Keywords:* holylinguistics, phenomenon, bilingualism, multicultural, contradiction, innovation, premises, UNESCO, modernization, unity.

Мақалада Қазақстандағы көптілді білім берудің факторлары мен негіздері қарастырылады. Көптілді білім берудің кемшіліктері мен артылықшыларына көңіл бөлінген. Авторлар көптілді білім берудің факторлары мен негіздерінің жиынтығын қарастырып, оның анықтамасын қарастырып білдірген. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауына сәйкес Қазақстан тілді жетік меңгерген мемлекет болып қалыптасуы керек.

*Түйін сөздер:* полингвистика, феномен, мультимәдениетті, қарама-қайшылық, инновация, ЮНЕСКО, бірігу.

В статье рассматриваются факторы и основания полиязычного образования в Казахстане, проблемы полиязычного образования, теоретическое основание полиязычного образования и культурный проект «Триединство языков» в Республике Казахстан, основываясь на Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Согласно Посланию Президента, Казахстан должен восприниматься как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Авторы определяют совокупность факторов и оснований полиязычного образования и представляют свое видение развития этнолингводидактики как науки, исследующей объективные закономерности полиязычного образования.

*Ключевые слова:* полингвистика, феномен, билингвизм, мультикультурный, противоречия, инновации, предпосылки, ЮНЕСКО, модернизация, единство.

**I**ntroduction: To preserve the best traditions of Kazakhstan education and at the same time obtaining the quality of knowledge that meet international standards, the project «The unity of three languages» started in our country. According to this project, the level of language proficiency of students will be improved. This means that three languages will be developed

hard: Kazakh is as the state language, Russian is for interstate communication and English is for a successful association with the global education.

Materials and methods: The problem of state and prospects of the language situation in modern Kazakhstan is prominently reflected by the President of Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in "The unity of three

languages”. According to the idea of the head of state, positivity of three languages’ development is possible if there is united political, ideological and cultural platform as well. The essence of a given platform strategy “The unity of three languages” is defined as follows: the study of Kazakh language as the state, Russian as the language of international communication and English as the language of successful integration into the global economy.

Discussion: The successful experience of implementing polylingual education indicates systematic initial positions which have its origins in a conceptually reasonable strategy of “The Unity of three languages” realization and development.

In conclusion it should be noted that today we can say with confidence that polylingual education programs due to the Kazakhstan logic development and international integration processes are in high demand in Kazakhstan’s education system. This is due to high academic motivation of students and practitioners, their desire to improve the professional competence and competition in Kazakhstan’s international integration.

The factors and basis of polylingual education in Kazakhstan

Polylingual education is a purposeful process of forming a polylingual personality on the basis of simultaneous mastering of three and even more languages.

Nowadays a person is characterized as a personality who can speak fluently two and even more languages, who realizes his belongings to his own national culture, who understands and respects original culture of a person he speaks to and who can take part in an intercultural dialogue.

«Nowadays Kazakhstan must be accepted as a highly developed country where the population speaks three languages. They are: Kazakh, Russian and English languages. Kazakh is a state language, Russian is a language of national communication, English is a language of a successful integration into a global economy», said Nazarbayev N.A., the President of Kazakhstan Republic. The words said by him have become one of the main tasks for Kazakhstan modern education which must be competitive, of high quality and available for school gradulators to continue their further education at

the international universities in accordance with the international qualifying requirements.

The aim of Kazakhstan education is both knowledge and forming of such important competencies as polylinguistics, Eurasian multiculture and communication skills that must involve youth into a future life in society.

The UNESCO confirmed the term “polylingual education” that means the use of not less than three languages, i.e, native, regional and international language in education which was adopted by General Conference in the 12<sup>th</sup> resolution, 1999. Therefore, English language has become the important means that provides children’s skills to interact with the representatives of different cultures [1].

The President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, sets complex and ambitious goals in High schools, the realization of which needs to keep on the best traditions of Kazakhstan education and to provide qualified knowledge according to the international standards at the same time. All said above needs the increase of students’ language level and education of their linguistic realization [2].

The factors of polylingual education are as a derivative of its basis. So, if basis specifies potential possibility of realizing pedagogical activity in polylingual education, so factors are able to have an influence on it.

The meaning “factor” has a wide range of use in science. So, Averyanov A.N. points out internal and external factors. According to his point of view, internal factors include element’s natural quality, mutual supplement, factors of induction, constant and stabilizing factors, etc. Nikolayev V.N. and Brook V.M. describe factors as systematic creative and systematic destructive factors. Nein A.Y. supposes that factors are directly connected with the functioning of some phenomenon and act as an active element of influencing on a process [3]. According to Kedrov B.M., Smirnova P.V. and Judina E.G., polylingual education is specified by two main factors. The first factor presents different needs of society and its social substructure and the second one presents the needs of science. In other words, internal factors are defined by inquiries



and demands of practice and external factors are defined by the needs of society.

Therefore, according to said above, historical pedagogical premises have been determined, social pedagogical conditions of its forming have been found out and theoretical foundation of its conceptualizing has been defined as well.

One of the pedagogical reality transformations is a stable tendency of forming polylingual education that is a powerful mechanism promoting the development of democratic type of thinking and behavior of social subjects, their communicative skills and tolerance in an interaction.

The positivity of pedagogical innovations and success of its introduction into everyday life are defined by both social economic and political factors and the heritage of historical past as well. The historical roots of these or those phenomena determine the character of modern social achievements.

It's necessary to keep in mind that the history of Kazakhstan starts from the XVIII<sup>th</sup> century and is closely connected with the history of Russia. That's why, the sixth period of reunion of Kazakhstan with Russia has been actualized. As for an investigated problem, this period is defined as Pre-soviet period of linguistic education. Later, according to the Professor Kaliyev's idea, Soviet and Post-soviet periods of linguistic education in Kazakhstan have been defined. There is a definite difference as they reflect mutually specified phenomenon and connection between them [4].

As for polylingual education, the events of Soviet period of pedagogics and development of education have a great importance. However, that doesn't mean the neglect of studies and outlooks toward language in mental development and morally spiritual forming of an individual that have found its reflection in artefacts of pre-written culture, in antique archeological monuments, in cultural heritage of Arabian Middle ages and Kazakh khanate.

The cultural project «The unity of three languages» in Republic of Kazakhstan

Within discussion of such actual problem as the language policy in Post-Soviet Union, an interesting analysis of a language situation in Kazakhstan with 30% of Russian population and

nearly 130 representatives of other nationalities has been represented. It is important to pay attention to the cultural project “The unity of three languages” which has started in the country in 2007.

In 2007 Message “New Kazakhstan in a new world” Nursultan Abishevich suggested to begin stage-by-stage implementation of the cultural project “The unity of three languages”. The project was pointed out as the separate direction of domestic policy. “Kazakhstan has to be adopted around the world as a highly educated country, the population of which speaks three languages. They are: the Kazakh language is a state language, Russian is the language of international communication and English is the language of a successful integration into global economy”, – was told by the President. The State program of functioning and development of languages for 2011-2020, being the continuation and addition of the similar program for 2001-2010 became the result of such message of the President.

The activity in the sphere of Kazakh language includes: creation of stimulation system of state language training process, expansion of state language use, integration into all spheres of activity. The activity in the sphere of Russian language includes: preservation of Russian language function, further educational and methodological providing training system in Russian, creation of new distance learning programs, educational and methodological literature, electronic interactive text-books, improvement of quality of teaching Russian by introducing innovative methods of teaching Russian [6]. The activity in the sphere of English includes: development of the international cooperation with foreign language culture, providing with available educational and methodological literature for collective and independent training, educational programs' control, strengthening of requirements toward training system and process of future foreign languages teachers, preparation of teachers for training natural sciences and mathematics in English [7].

Nowadays, there is an undeniable change of language priorities in Kazakhstan. No doubt, there is language policy when teaching foreign language becomes more important than teaching

State language and Russian language that are officially adopted by State bodies. Meanwhile, there has been no visible progress in the development of Kazakh language. “Eurasia Heritage” Foundation together with “CeSSI Kazakhstan Institute” partners and “Strategy” Center of social and political research conducted a survey in November 2007 after the realization of cultural project “The unity of three languages” and as a result, it has become clear according to the similar survey held in 2002 that the number of Kazakhstan people speaking Russian language has become less, i.e, from 54,7 % to 43 % and the number of people speaking just Kazakh language has become less too, i.e, from 40,9% to 32%. Percentage use of Russian language at work is divided as follows: 50% of respondents speak Russian language (it was 47,4% in 2002) and only 16% speak native language (it was 27,3% in 2002)» [8]. The survey results show the fact of decreasing number of citizens, i.e, 11,3 % speaking just Kazakh language in comparison with 2002 and it doesn't accord to the project “The unity of three languages” aims.

These facts explain why the new project was met with criticism in the society of the Republic of Kazakhstan. The famous cultural workers, literature workers, editors-in-chief of newspapers and magazines that are published in Republic, high society representatives, heads of civil society organizations, i.e, 124 men and 5000 supporting men confirmed on November 26, 2009 that thanks to the policy of the “The unity of three languages» Kazakh language will be gradually excluded but Russian and English will take the dominant and progressive role [9]. In this situation, the opinion of independent observer who is the Director of Central Asia and Kazakhstan investigation Center at the Seattle University in the United States William Fierman is as follows: “In my opinion, this idea is correct and will contribute to the development of the State. But it is too early to speak of the Unity of three languages in Kazakhstan. Russian language is being dominated for now. Although according to the Kazakhstan Constitution, Kazakh language is a state language. So, the problem of Kazakh language is in its low demand while English

language, strangely enough, started taking a significant position in Kazakhstan” [10].

It should be taken into consideration that the Kazakh language will not be able to withstand competition with rich Russian language and popular worldwide English language. The possibility that Kazakhstan people will stop developing Kazakh language and will use just Russian and learn English intensively is very huge and all said above will lead to the situation when Kazakh will be forgotten and eliminated from the public life of the country.

## REFERENCES

- 1 The education in multilanguage world”. UNESCO assigned document.
- 2 The Message from the President of Republic of Kazakhstan Nazarbayev N.A. “The new Kazakhstan in the new world”.
- 3 Nein A.Y. The problems of professional education development: regional aspect / Nein A.Y., Kluev F.N, 1998.
- 4 Zhetpisbayeva B.A. Polylingual education. Theory and methodology. – Almaty “Bilim”, 2008.
- 5 The Conception of education development of Republic of Kazakhstan till 2015.
6. State program of languages’ functioning and development for 2011-2020. Given source [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.geokz.tv/article.php?aid=11278>, free.
- 7 The same. The doctrine of contention [Electronic resource]. -Information syndicate. – M: Neonomand, 2011. -Access: [http://www.neonomad.kz/neonoma\\_dika/politika/index.php?ELEMENT\\_ID=6445](http://www.neonomad.kz/neonoma_dika/politika/index.php?ELEMENT_ID=6445), free.
- 9 Language policy in Kazakhstan [Electronic resource]. The free encyclopedia Wikipedia. – M.: 2010. – Access mode: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Языковая\\_политика\\_в\\_Казахстане](http://ru.wikipedia.org/wiki/Языковая_политика_в_Казахстане), free.
- 10 The idea of the unity of three languages in Kazakhstan is correct and will contribute to the development of the country-the American scholar [Electronic resource]. Information system Section. -M.: national information agency KAZINFORM», 2008. – Access mode: <http://www.zakon.kz/111622-ideja-triedinstva-jazykov-v-kazakhstane.html>, free.

*Білім берудің қазіргі әдістемелері мен технологиялары*  
*Современные методики и технологии обучения*

---

---

ӘОЖ 373.1.02:37.017.924

*К.А.АБДРЕИМОВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*  
*Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі кафедрасы*  
*Алматы қ.*

*Б.КӨКІМБЕКОВА*

*«Айнұр» дарынды балаларға арналған орта мектеп*  
*Өтеген батыр кенті, Қазақстан*

**М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН  
«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН  
МЕҢГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ**

*Аннотация*

Аталған мақалада оқыту үрдісін технологияландыру мен жоғары оқу орындарында педагогикалық технологияларды қолдану жайлы сөз болады. Жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданысқа енгізілген сатылай кешенді оқыту технологиясын жоғары оқу орындарындағы педагогикалық цикл пәндерінің оқыту үрдісінде қолдану және оны Қазақстанның көрнекті ғалым-педагогтарының еңбектері арқылы жүзеге асыру ұсынылған.

*Түйін сөздер:* сатылай кешенді оқыту, білім беру парадигмасы, педагогикалық технология.

В статье излагаются вопросы использования педагогической технологии в вузе и технологизации процесса обучения. Даются рекомендации по использованию наследия видных ученых-педагогов Казахстана в процессе изучения дисциплин педагогического цикла в вузе технологии комплексно-ступенчатого обучения.

*Ключевые слова:* комплексно-ступенчатое обучение, парадигма образования, педагогическая технология.

*Annotation*

In article questions use of pedagogical technology in higher education institution and technologization of process of training are stated. The recommendation about use in the course of training in disciplines of a pedagogical cycle in higher education institution is made, during studying of heritage of prominent scientists-teachers of Kazakhstan widely introduced in practice general education schools technology of complex and step training.

*Keywords:* complex and step training, education paradigm, pedagogical technology.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға

бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек» – деп атап көрсетілген. Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» – деп атап көрсетуі мектепте болсын, жоғары оқу орындарында болсын білім сапасын арттыруға осы салада еңбек етіп жүрген бәріміздің де міндетіміз болу керек деп ойлаймыз. Сондықтан бүгінгі заманның талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде оларға қажетті оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, білім берудің тиімді технологияларын қолдану кез келген мұғалімнің басты мақсаты болу керек.

Осыған байланысты қоғамның даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты. Олар:

– қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда;

– білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

– қоғамдық біліммен пара-пар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Білім беру технологияларының басты мақсаты – жас ұрпақтың терең білім алып, ой-өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу, сөйтіп әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына ынталандыру, бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасау. Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын, педагогикалық технологиясын таңдай отырып, оқушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек.

Осы аталған мақсаттарды орындауда “Сатылай кешенді оқыту” технологиясының өзіндік орны бар. Оған себеп бұл технологияның теориялық өзегі – ұлтымыздың ұлы тұлғалары: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлихановтардың ағартушылық идеялары мен алаш арыстары: А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонановтардың педагогика, психология, әдістеме саласындағы ой-тұжырымдары.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сол арқылы басқа пәндерді сауатты меңгеруге негіз қаланады. Сатылай кешенді оқыту технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді оқыту – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі.

*Сатылай кешенді оқыту технологиясының ерекшелігі:*

- Оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі.
- Табиғилығы.
- Дағдыға басым бағыт беруі.
- Білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі.
- Оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру.
- Оқушыларға берілетін білімнің саралануы.



- Оқушылардың өз мүмкіндігіне қарай міндетті деңгейде білім алуға еріктілігі.
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі.
- Ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі;
- Оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.
- Барлық оқушыны табысты оқыту.
- Оқу-танымдылық белсенділігін арттыру.
- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлік қабілетіне ықпал ету.
- Оқуды жеделдету.
- Шығармашылық қабілетін дамыту
- Ғылыми ізденіске жетелеу.

Сатылай кешенді оқыту – қазақ тілін оқытудан бастау алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, жағрафиясын, химия мен биология т.б. пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту десек, бүгінгі таңда бұл пәндердің қатарына жоғары оқу орындарында оқытылатын педагогика пәні де еніп отыр.

Педагогика – тамыры терең тәрбие. Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүниежүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шыңдай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе, білім беру жүйесінде (халықтық педагогика) атау-ұғым ретінде ғана емес, білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналуға.

Педагогика – халқымызда ертеден жинақталған игі істердің зерделі ұрпақтың болашағына дұрыс жөн сілтеп, нақты бағыт беріп, олардың зиялылар санатына қосылып, әдемі отау тігіп, баянды бақыт құруына септігін тигізетін ежелгі үлгі, қанатты да қадірменді сөз, байырғы қасиетті де киелі дәстүр.

Педагогиканың ерекшелігі – оның гумандылық бағыттылығында, яғни, балаға деген бірыңғай талаптармен қатар, тәрбиеші мен бала арасындағы өзара құрмет, бірігіп қызмет ету, шығармашылықпен бірге айналысу, достық қарым-қатынас және теңдік.

Педагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін

теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халықтық педагогиканы ғылыми педагогикамен байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым.

Педагогика пәнін оқытуда баяндау, мазмұндау маңызын жоққа шығармаймыз. Сатылай кешенді оқыту технологиясы оны байыта түспесе, құнын кемітпейді. Керісінше педагогикалық мәтіннің өзегін, нақты керек нысананы талдау арқылы, ғылыми тілде сөйлеуге үйретеді. Студент қарапайымнан күрделіге, оқиғаны сатылап түсіндіруге, тұжырым жасауға үйрене отырып, болжалдап сөйлеуден құтылады.

Технологияның өзегі – білім дағдысын қалыптастыру. Талдау алгоритмін құру арқылы тұжырымдап сөйлеуге, қорытынды жасай білуге дағдыланады. Нақтылық, реттілік және нәтижеге бағыттайтын технологияның он деңгейі бар. Он деңгей – нәтиже көрсеткіші, әр студентті деңгейлеп бағалау – бәсеке тудырады. Сатылай кешенді оқыту технологиясымен сабақ жүргізгісі келген адам мықты теориялық дайындығына сүйенеді. Стандартқа сай білім беруді басшылыққа ала отырып, талдау үлгісін құру, оған студенттерді дағдыландыру – басты міндет. Алғашында жазбаша талдау жасату – заңды құбылыс. Нәтиже бірте-бірте көрінеді.

*Сатылай кешенді оқыту барысында төмендегідей тиімділікті байқауға болады:*

- Мұғалім: мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетелейді.
- Оқушы: белсенді субъектіге айналады.
- Оқушылар бірін – бірі, өзін-өзі бақылау, бағалау, сын, пікір айтуға үйренеді.
- Комплекс жүйесімен оқытқанда, пәндер бірігіп бір жолмен, бір арнамен ағып, араласып оқытылады.
- Бірлескен ұжымдық әрекет етуге баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері артады.


Әрбір сабақ барысында сатылай кешенді оқытуда студенттің ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін студент өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа

мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Педагогика пәнін сатылай кешенді оқыту технологиясымен меңгерту барысында негізге жалпы тірек сызба алынады:

- дәлдікке, нақтылыққа, реттілікке, жүйелі ойлау мен сөйлеуге үйретеді;
- ізденуге мәжбүрлік туады, оқу дағдысы қалыптасады;
- талдау алгоритміне оқиганың өзекті, қажеттісін іріктейді;
- нәтижеге негізделеді;

### Әрбір педагогикалық тақырыптың



Осы сызбаны басшылыққа ала отырып, әрбір тақырып күрделілігіне қарай талдай оқытылады.

Педагогиканы сатылай кешенді талдау технологиясы бойынша оқыту барысында төмендегідей іскерліктер мен дағдылар қалыптасады:


- оқытушыға білім бәсекесі дағдысын қалыптастыру мақсатын қояды;
- тіл теориясы «принципі» бойынша студентті ғылыми тілде баяндауға дағдыландырады;
- студентті болжалдап сөйлеуден құтқарады;

– студенттің шығармашылық ізденісін дамытады, сабақтың ғылыми сипаты айқындалады;

– тестке дайындаудың оңтайлы тәсілі болып табылады.

Нәтижесінде студентте стандартқа сай білім, тарихи-қоғамдық таным қалыптасып, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиеленеді, осылайша талай оқыту барысында студенттің білімі мен біліктілігі жоғары деңгейде қалыптасады.

Төменде бес арыстың бірі М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасын оқытуға бағытталған сабақ үлгісі көрсетіліп отыр.



«Сатылай кешенді оқыту» технологиясында оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – студенттерді өте жақсы, жақсы және орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық білім алушының дамуына қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясында теориялық материалдардың жүйелі түрде орналастырылуы, теориялық материалдарды ғылыми тілде баяндауға негізделуі, дидактикалық материалдарды ұлттық құндылықпен байланыстыра берілуі т.б. жетістіктерімен ерекшеленеді. Сондықтан да студенттер ғылыми курстардағы берілетін білімге берік негіз қалап, нақты дайындықпен барып, теориялық материалдарды сауатты, қызығушылықпен меңгеріп, әртүрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасай алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. –Астана, 2000. –322 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. // Егемен Қазақстан, 19.01. 2006. – №16.

3 Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми- әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: ТОО Фирма «Дайыр», 2007. – 289 б.

4 Жұмабаев М. Педагогика. – Ташкент, 1923.

5 Оразахынова Н., Бейсенбекова Г., Кенжебаева Г. Применение технологии «Понимательного комплексного анализа» в системе образования Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2013. – № 8 – стр. 51-53.

378.013.42

*Н.А. АСАНОВ, Ж.Е.БЕЙСЕ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
Жалпы және этникалық педагогика кафедрасы*

*[Asanov@mail.ru](mailto:Asanov@mail.ru);*

*[zanzhan@mail.ru](mailto:zanzhan@mail.ru)*

*Алматы қ., Қазақстан*

## **УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ІС-ӘРЕКЕТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### *Аннотация*

Мақалада университеттерде кредиттік оқыту жүйесі жағдайында білім алушы студенттердің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері сипатталған. Жаңа жүйе жағдайында студенттердің білімді өз бетінше іс-әрекет арқылы алуы олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

*Түйін сөздер:* кредиттік жүйе, студенттің оқытушымен өздік жұмысы, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру технологиясы.



В статье описываются пути и методы формирования навыков самостоятельной деятельности студентов получающих образование по системе кредитной технологии. В новой системе получение образования студентов самостоятельно оказывает огромное влияние на формирование их как личность.

*Ключевые слова:* кредитная система, самостоятельная работа студента с преподавателем, технология организации самостоятельной работы студентов.

*Annotation*

This article describes the ways and methods of formation of skills of independent work of students receiving education credit system technology. The new system of education students receive their own has a great influence on the formation of their personality.

*Keywords:* credit system, independent work of the student with the teacher, the technology organization of independent work of students.

**Б**үгінгі күні еліміздегі жоғары білім беру жүйесін дамыту талаптарына сәйкес, студенттерге терең білім мен тәрбие беру және оларды жан-жақты дамыту басты мәселеге айналып отыр. Өйткені, білім мен тәрбие беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік турасында да, интеллектуалдық-мәдени дамуының жоғары деңгейін қалыптастыруда да, сондай-ақ кәсіби біліктілігін қамтамасыз ететін үздіксіз үдеріс болып қала бермек.

Сондықтан да болар, қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарына қойылатын талаптар да күннен-күнге күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді әрі жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра отырып, оны үнемі жетілдіріп отыратын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетеді [1].

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық

меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандығынан көрініс табады. Сондықтан да жоғары оқу орындарындағы білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпалын тигізетіні анық. Осы тұрғыда республикамыздың жоғары білім беру жүйесі кәсіби мамандар даярлауда бірнеше жыл қатарымен оқытудың кредиттік жүйесіне ауысуды қолға алған.

Қазіргі таңда еліміздегі барлық жоғары оқу орындары білім берудің кредиттік жүйесіне көшуде. Бұл, әрине, өз кезегінде әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін ескермей, қазіргі заманға сай білім алуға қол жеткізу мүмкін еместігінен тағы бір дәлелдеп отыр.

Жалпы жоғары оқу орындарында кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі – әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып, елімізге қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару. Яғни, мұнда бұрыннан қолданылып жүрген оқытудың әдіс-тәсілдерімен қатар, студенттің өздігінен ізденуіне, жаңаша көзқарас тұрғысынан келіп, сапалы білім алуына жағдай туғызу болып табылады. Негізінен кредит сөзінің мағынасы – сенім, яғни студентке сенім білдіру арқылы оның білімін

көтеруіне, өзіндік ізденісіне, әрбір өтілген тақырыпты шығармашылықпен меңгеруіне жол ашу. Демек, оқытушы әрбір өтілетін тақырыпты жіктеп, жіліктеп түсіндіріп, студенттен сол материалдарды қалай меңгергенін сұрау арқылы оның білімін бағалауды мақсат етпейді. Әрбір өтетін тақырып төңірегінде сол тақырыптың ерекшелігі жайлы, студент аталған тақырыптан қандай мәселелерді меңгеруі керектігі жөнінде тек бағыт-бағдар ғана беріліп отырады. Ал студент сол ұсынылған бағыт, түсінік негізінде қажетті, білуге тиісті материалдарды өзі ізденіп, алынатын білімді толық меңгеруі қажет. Оқытушы өзі дайындаған силлабуста студентке: берілетін білім мазмұнын, әрбір модульдік бақылау барысында студенттің нені білу қажеттілігін, көрсетілген тақырыптар бойынша пайдаланылатын әдебиеттің тізімдерін жан-жақты көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, студент үшін силлабус білім алудың, ізденіс жұмыстарын жүргізудің басты бағдарламасы болмақ.

Оған қоса, жоғары оқу орнындағы оқыту жағдайы студенттермен оқу әрекетін өз бетімен ұйымдастыру іскерлігін талап етеді. Мұндай әрекетті қалыптастырудың мәні студент белсенді тұлғалық ұстаным жасай алатындай және оқу әрекетінің субъектісі ретінде өзін танытатындай жағдай жасау болып табылады. Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру жолын П.И. Пидкасистый «Біз шығармашыл тұлғаны қалыптастыру жайлы айтқан кезде, студент әрекетінің сипатын, оның танымдық іс-әрекетін айтамыз. Бұл-оқу материалының мағынасын ұғыну және өңдеу қабілеті, белгілі бір жағдаяттарда білімді іске асырудың сипаты, яғни кәсіби есептерді шешу тәсілдері» деп көрсетеді [2].

**Кредиттік оқыту жүйесінің міндеті** – студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алу мүмкіндіктерін дамыту болып табылады. Сондықтан да студенттің өздік жұмысының мақсаты **өздік жұмыстың міндеттерінде** нақтыланып, оқыту пәнінің міндеттеріне сәйкес болады.

Ендігі кезекте осы аталған міндеттерге тоқталып өтейік. Жоғары оқу орнында оқуға қажетті маңызды оқу-танымдық біліктер мен

дағдыларды және ғылыми-зерттеу жұмысын жасау дағдысын қалыптастыру; өздік жұмысты орындау іскерлігін (*тапсырманың мақсатын айқындау, орындау алгоритмін құру, оны орындаудың уақыты мен әрекетін жоспарлау, өзіндік бақылау жасау, т.с.с.*) қалыптастыра отырып, бертін келе соған бейімдеу; пән бойынша білім мазмұнын студенттің терең игеруін, ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеуін белсендіру; қандай да болмасын ақпараттарға талдау жасауға және оны жинақтауға, маңыздысын анықтауға, ой қорытып білімін жүйелей білуге үйрету; проблемалық мәселелердің шешімін табудың түрлі жолдарынан дұрысын және тиімдісін теориялық білімге сүйене отырып, өздігінен іріктей білуге машықтандыру.

Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы, яғни, өзіндік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру мынадай элементтерден тұрады:

- студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру,
- әдістемелік қамтамасыз ету,
- бақылау және орындалу бағасы,
- талдау және жетілдіру.

Осы мызғымас реттілік бойынша студентке білім беріліп отырса, онда студенттің білім, білік, дағдылары біртіндеп қалыптаса бастайды.

Студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау кезінде, студенттердің өздік жұмыстарымен қатар мұғалімнің жетекшілігімен өткізілетін (СМЖӨЖ) жұмыстарға да сағат бөлінсе жақсы болар еді. Яғни, сонда СМЖӨЖ-ң көлемі әр пәнге бөлінген лекция, практика, студиялық және семинар сағаттарының толық көлемінен кем болмауы керек. Ал қалған өздік жұмыстарының сағаты күнделікті орындауды талап ететін компьютердің тапсырмасымен толықтырылып отыруы тиіс. Студенттердің оқытушының жетекшілігімен өткізілетін жұмыстардың уақыты нақты көрсетіліп, оқу кестесіне енгізілуі қажет және сабақтан соң арнайы аудиторияда өткені жөн деп есептеймін.

Әр оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының сәйкес бөлімдеріне студенттердің өздік жұмыстарының жоспарланған түрлері, олардың сағатпен көрсетілген еңбек сыйымдылығы, бақылау мерзімі және коллоквиумдар, курстық, семестрлік, есепті-графикалық және басқа да жұмыстары міндетті түрде кіргізіліп көрсетілуі керек. Студенттердің өздік жұмыстарының түрлерін таңдау үшін оқу пәнінің мақсатын, оқушының дайындық сатысын, студенттердің өздік жұмыстарына бөлінген сағаттар санын ескерген жөн болар.

Қазіргі жалпы жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым әрі қолайлы түрі – коллоквиумдар болып саналады. Олар белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Дегенмен, бүгіндегі заманауи дамуды талап ететін жан-жақты жаһандандану кезеңінде білікті әрі шығармашыл оқытушылар түрлі әдіс-амалдарды пайдалану арқылы бұл үрдісті өзгертуіне болады. Әрине, бұл солардың өз еншісінде.

Енді, оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мәселесіне көшейік. Студенттің өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін ең алдымен оның әдіс-тәсілдерін анықтап алу

керек сияқты. И.З. Гликман «студенттің өздік жұмысын басқаруды шешудің жолы әдіс-тәсілдерді пайдалануға негізделінеді. Өз бетінше білім алудың әдістері мен тәсілдерін ұйымдастыру – басқарылатын жүйе мақсатына жету үшін басқарушы жүйенің әсер ететін негізгі әдісі» деп атап көрсеткен [3].


Ал студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру тек дәріс уақытында жүзеге асырылады. Сондықтан да дәріс кезіндегі СӨЖ-ң тиімділігі турасында сөз қозғауды жөн деп таптым.

Дәріс кезіндегі СӨЖ-ң тиімділігі бірнеше факторға тәуелді болатыны мәлім:

- *уәждер жүйесі,*
- *әр студенттің өз бетінше жұмыс істей білу деңгейі,*
- *оқытушының кәсіби біліктілігі және тағы басқалары.*

Дегенмен, бірінші орынға ұтымды ұйымдастыру факторы қойылады. Басқаша айтқанда дәріс оқыту процесі барлық кезеңде студенттердің жаңа білімге қызығушылығын оятатын танымдық тапсырмаларға (міндеттерге), проблемаларға бай болуы керек.

Осы тапсырмаларды (міндеттерді) шешу мақсатында бүгінгі уақытта инновациялық будандастырылған дәрістер топтамасы жиі пайдаланылады. Олар төмендегі кесте көрсетілген.



Д.Н. Жукина білім берудің кредиттік жүйесінде «студент-оқытушы» байланысы белсенді түрде дамып отырады деп баяндайды. Әсіресе, ОСӨЖ сабағында оқытушы студенттің СӨЖ тапсырмаларын қалай орындап жатқанын бағалайды, студенттің танымдық және шығармашылық іс-әрекетін бел-

сендіру мақсатында кеңес береді. Ол СӨЖ тапсырмаларын студенттердің қызығушылығын тудырып, танымдық іс-әрекетке белсендіретін әдіс-тәсілдерді пайдалануды ұйымдастырады [4].

Жоғары оқу орындарында кредиттік жүйе бойынша білім алып жүрген студенттердің



өздік іс-әрекетін қалыптастыру ең алдымен олардың өз бетімен жұмыс істеуіне, бір-біріне өзара көмек көрсетуіне, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тигізетіндігі анықталып отыр. Демек, оның бірден-бір себебі, кредиттік оқу жүйесі кезінде студенттер таңдау еркіндігіне ие болатындығында.

Сондай-ақ, білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже беретініне көз жеткіздік. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – оқушының қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады. Және де өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының анық жоспарланған жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын негізгі шарт – студенттерді оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз етілуі. Әрбір студенттің өсуі мен жетілуі оқыту барысында табысты болуы үшін, оқытушы олардың әрқайсының қабілетіне байланысты бейімделген және ерекшеліктеріне сай болуға тиісті, яғни бұл жерде жеке студентке тең құқықты серіктес ретінде сыймен қараудың да маңызы зор. Қайталап айтатын болсақ, жоғары мүддеде үлкен қарқынмен оқыту талабына сай студенттердің өздік жұмыстарына көбірек уақыт беру арқылы оқушының өздігінен ойлау қабілетін кеңейтіп, ізденісін арттыратын деп сөз жүзінде айтып қана қоймай, сонымен қатар, білім беру ісінің сапасын арт-

тыру үшін оқыту үстінде оң қабақ танытып, ұнамды көңіл қоюдың да мәні зор деп ойлаймын.

Өкінішке қарай, қай кезде де іс жүзінде оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасының мынадай түрлері таралған, ол: педагог талап етеді – студенттер оны бұлжытпай орындайды, педагог сұрақ қояды – студенттер оған жауап қайтарады және т.с.с. Ал мұндай жағдайда ынтымақтастық жайында, адамгершілік қарым-қатынасын тәрбиелеу туралы, әрқайсысын белсенді іс-әрекетке тарту жөнінде сөз қозғау тіпті бекершілік.

Сөз соңында айтарымыз, тек адамгершілік, тілектестік өзара көмек пен ынталандырушылық жағдайында ғана студенттер өздерін іштей еркін сезініп, педагогтың ықпалына қарай белсенділік танытып батылырақ сөйлейді деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, Елорда, 2012.
- 2 Педагогика. Учебное пособие / Под ред. П.И. Пидкасистого. – М., 1998. 371 с.
- 3 Гликман И.З. Управление самостоятельной работой студентов (системе стимулирование) – М.: Логос, 2002. – С.45-58.
- 4 Жукина Д.К. Кредиттік білім беру жүйесінде студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары. // Қазақстан педагогикалық хабаршысы. – Алматы, 2006. – №1. – Б.63-65.

Қ.О. ЖЕДЕЛОВ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Өнер, мәдениет және спорт институты

[Zhedelov@mail.ru](mailto:Zhedelov@mail.ru)

Алматы қ., Қазақстан

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДАМУЫН ЗЕРТТЕУДЕ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ОРНЫ

### Аннотация

Бұл мақалада бейнелеу өнерін пән ретінде оқытудың мәселелерін шешуде педагогикалық зерттеулердің алатын орны жөнінде ой-қортады. ХІХ ғасырдың басында И.Г. Песталоццидің инициативасы, ХХ ғасырдағы суретші-педагог П.П.Чистяков, Д.Н. Кардовский, К.Юон, А.А.Дейнеканың педагогикалық ойларын айта келе, жалпы Қазақстанда бейнелеу өнерінен білім берудің арғы түбі, генезисі қайдан шығып, қалай басталды дегенді Ресейден бөліп қарауға болмайтындығын айтады.

*Түйін сөздер:* көркем шығарма, әдістеме, педагогика-психологиялық астар, шығармашылық белсенділік.

В этой статье рассматриваются вопросы преподавания изобразительного искусства как предмета, решающего педагогические проблемы. Изучая педагогические исследования XIX века И.Г. Песталоцци, художников-педагогов XX века П.П.Чистякова, Д.Н. Кардовского, К.Юона, А.А.Дейнеки автор приходит к выводу, что преподавание изобразительного искусства в Казахстане нельзя рассматривать отдельно от исследований в этой области в России.

*Ключевые слова:* изобразительное творчество, психолого-педагогические аспекты, методика, творческая активность.

### Annotation

The article highlights the concept and the role of pedagogical research in Fine Arts as a subject. The author gives scientific analysis of theoretical approaches to the initiatives of I. Pestolatsky, K.Chistyakov, D.Kardovsky, K.Youn. Particular attention is given to the fact that the basis of Fine Arts of Kazakhstan is similar to Russian Arts.

*Keywords:* pedagogical research, theoretical approaches, Fine Arts, a subject, particular.

**Б**ейнелеу өнері пәнін оқытудың басты мақсаты – балаларды бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыру, дәстүрімізде қалыптасқан өнер қазынасынан нәр алдыру, сол арқылы тарихта, кезінде дәуірлеген мәдениет пен өнердің түрлерінен түсінік беру, бейнелеу өнерінің түрлеріне, сәндік қолөнеріне қызықтыру, адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеу. Сондықтан бейнелеу өнері пәні арқылы көркемдік өнер түрлерінен білім беріп мектепте оқытудың алатын орны ерекше. Өйткені, ол көркемдік өнер түрлерінен білім беру мен

қатар өнердің түрлерін қамтитын күрделі пән. Бейнелеу өнерінің түрлерінен тәрбие беріп оның әдістемесін оқытуда алдымен тақырып баланың эмоциясына әсер етіп, толғандырып, ұшқыр қиялға, сезімдерге бөлейтіндей болса ғана баланың қызығушылығын, ойын қозғайды, тақырыптың мазмұнын, сюжеттік желісін, композициялық шешімін, шығармадағы басты нәрседен автордың ойын танып білуге апарайды. Яғни бейнелеу өнері пәнін оқытуда мұғалім оқушы психологиясының ерекшеліктерін біле отырып, білімін, іскер-

лігін дамытуда қолданған әдіс тәсілдерін солармен ұштастырып отыруының мәні ерекше рөл атқарады.

Ал бейнелеу өнері эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде үлкен рөл атқаратыны ертеден-ақ мәлім болған. Мәселен, XVIII ғасырда өмір сүрген француз халқының энциклопедисі Д. Дидроның ұрпаққа сурет салуды үйретуді дәл оқуға, жазуға үйреткендей дәрежеде үйретсе, соны үйреткен ел, басқа елдердің қай-қайсысынан өнер жолында өте биік тұрар еді деуінде үлкен мән жатыр.

Тарихи құжаттар мен әдебиеттердің айтуы бойынша көне Египеттегі мектептерде сурет салуға үйрету сызумен қатарластыра жүргізіліп отырған. Бұл айтылғандарға қарап мектеп арқылы бейнелеу өнерінің әдістемесінен білім беріп оның білімін, біліктілігін дамыту сол кездің өзінде жүзеге асырыла бастағандығы мәлім.

Сурет сала білудің өте пайдалы екендігі жөнінде тек өнер адамдары ғана айтып қоймаған, бұл ойды халыққа білім беру саласындағы қайраткерлер де көп айтқан. Мәселен, чех халқының атақты педагогы Ян Амос Коменский жалпы білім беретін мектепте сурет пәнінің жүргізілуі қажет деп білген. Осы пікірді ағылшынның ұлы педагогы Джон Локк қоштаған.

Суреттің маңызды мәні туралы, оны оқыту, сурет салуға үйрету керектігін және оқытудың пайдасы жөнінде өткен ғасырларда өмір сүрген атақты педагогтардың айтпағаны кемде-кем. Француз педагогі Жан Жак Руссо былай дейді: «Детям крайне полезно заниматься рисованием не для самого искусства, но для приобретения верного глаза и гибкой руки. Но рисовать дети должны не с моделей, а прямо с оригиналов, с природы. Здесь важно не столько приобретение умения рисовать согласно законам и требованиям этого искусства, как приобретение более точного глазомера, верной руки, настоящих отношений к величине к виду разнообразных предметов, более быстрого понимания действий перспективы» деген [1, 95 б.].

Осындай көрнекті педагогтар бірінен соң бірі айтып көп сөз еткенмен мектепте оқы-

латын курс аумағына көпке дейін енгізіле қоймай, кешеуілдейді. Тек XIX ғасырдың басында швейцар педагогы Иоганна Генрих Пестолацийдің инициативасы бойынша оқылатын мектеп курсына сурет енгізіледі. Осыдан ары қарай Пестолаций суретті оқыту әдісіне көп көңіл бөліп, көптеген ұсыныстар жасаған.

Пестолацийдің ол ұсыныстары мен сурет салуға үйрету жөніндегі әдістемелік ережелері оның «Гертруда өз балаларын қалай оқытады» деген [2, 45 б.] еңбегінде кеңінен баяндалған.

Пестолацийдің осы бастауынан соң сурет жалпы білім беретін пән ретінде мектепке енгізілді.

Суреттің жалпы білім беретін пән есебінде Ресей жерінде көркемдік білім берудің әжептәуір қанат жайып, оның көркемдік дәрежесін көтеруге Көркем өнер академиясы зор ықпал етеді. Суреттің Ресей жерінде өсіп-өркендей түсуіне сол кездегі Ресей жерін жайлаған революциялық-демократиялық бағыт ықпал етті.

XX ғасырдың бас кезінде суретті оқыту жөнінде көп айтылып, жазылып жүрген еңбектерімен суретші-педагог П.П. Чистяков белгілі бола бастады.

Кеңестік дәуірдегі жалпы білім беретін Кеңес мектептеріндегі сурет жөнінде көп айтып, оның әдістемелік бағытында еңбек жазып, кеңірек таныла бастаған Д.Н. Кардовский, К. Юон сияқты суретші-педагогтарды атауға болады. Ал, жалпы Қазақстанда бейнелеу өнерінен сурет арқылы білім берудің арғы түбі, генезисі қайдан шығып, қалай басталды дегенге келсек, пәнінің пайда болуы мен оның даму барысын Ресейден бөліп қарауға болмайды. Өйткені Қазақстанның ұзақ уақыт Ресейдің ықпалында, Қазан революциясы жеңісінен кейін бір мемлекеттік құрылымда болуы біз айтып отырған көзқарасты туғызады.

Суреттің пән ретінде мектепте оқылу тарихының бастауы тым ертеден-ақ басталып, оның кеңестік дәуірге жалғасуы, оның тұсындағы дамуы мен қалыптасу барысы XX ғасырдың 50-60 жылдарда көбірек байқалады.

Ал, Қазақстанда 1991 жылы егемендік алғаннан кейін мектеп оқушысына эстетикалық тәрбие беруде бейнелеу өнері пәніне арналған оқулықты 1997 жылдан жан-жақты дамыту қолға алынды. Оның себебі кескіндеме, графика, мүсін өнері, сәулет, қолөнер және дизайн салаларынан дәріс беріп, осылардың әрбіреуінің өзіндік ерекшеліктерін ұқтыруға тиісті. Сонымен бірге жай ғана ұқтырмай, осы өнер түрлерін қабылдауға және осылардың негізінде практикалық жұмыс істей білуге қабілетті болу керектігі кеше де, бүгін де айтылуға тиіс. Өйткені бейнелеу өнері пәнінің көздері осылардың әрқайсысымен байланысты. Ал қарастырылып отырған мәселе, бейнелеу өнері білімінің көзі болып табылады. Бейнелеу өнерінен эстетикалық тәрбие беруде, оны оқытып, оған үйретуде әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болады. Осы орайда бейнелеу өнерінің әрбір түрі мен жанрының оқушыға деген өз ықпалы бар. Мәселен, қолданбалы өнер түрін алсақ, ол күнделікті өмірде қолданылатын заттың әсемдігі мен әдемілігін тануға үйретеді, сол төңіректегі оның талғамын тәрбиелейді. Ал, сәулет туралы айтар болсақ, ол – сұлулық заңына бағындырылған нақты әсемдік көрініс. Ондағы айқын да симметриялық жолмен, ырғақты түрде түсірілген өрнектер мен сипаттар балаларда таңырқау сезімін тудырады. Мүсіндік шығармаларда үнемі белгілі бір қозғалыс үні сезілгендей болады. Сол қозғалысқа бір сәт қарап тұрсаң өткеннің де, бүгінгінің де үндестігі тұтасқандай болып көрінеді. Сондықтан бейнелеу өнерінің бұл түрін қабылдау балаға оңай болмайды. Ол үшін бұл төңіректе мұғалім көмегі көп қажет. Мұғалім көмегі бейнелеу өнерінің қай түрімен таныстырып, оқытқанда да керек. Өйткені бейнелеу өнерінің қай түрі бойынша да мектепте жас ұрпақ тәрбиесіне арналып жүргізілетін жұмыс мазмұны, оны оқытуда көзделетін мақсат соны қажет етеді.

Мектепте пән ретінде жүргізілетін бейнелеу өнері түрлері – жалпы және үлкен өнердің бір бөлігі. Тұтас өнер туралы сөз етер болсақ, оның қай түрін алсақ та (кино, театр, әдебиет, сурет, т.б.) ол әлемді көп қырлы етіп және оны

жарқырата көрсетеді. Солардың ішінде бейнелеу өнері шығармаларының қай түрі болса да адамның терең сезімін оятып, жақсылық болмысына жетектейді. Өйткені, ол көздің көруі арқылы адамда әр түрлі сезім туғызады да, санасына әсер етеді. Соның нәтижесінде адам өзін қоршаған әлемдегі дүниені танып, өзін-өзі ұстау бағытын анықтауға керекті түсінікке де ие болады. Заманымыздың белгілі психологы Л.С. Выготский «Искусство – есть скорее организация нашего поведения на будущее, установка вперед, требование, которое, может быть, никогда и не будет осуществлено, но которое заставляет нас стремиться поверх нашей жизни к тому что лежит за ней» деген болатын [3, 30 б.]. Олай болса өзіміз сүріп жатқан өмірді оның аржағында не барын білуге ынтығу туғызарлық бейнелеу өнерінің күші – ұрпақ тәрбиесіндегі қажеттіліктің бірі. Сол үшін де ол эстетикалық тәрбие құралы болып саналып, оның барлық түрі де мектепте жүргізіліп, іске асыру басты мақсаттың бір түрі болып саналады. Өйткені эстетикалық тәрбие баланың бойында қалыптастырылуға тиісті тұлғалық қасиеттердің құрамды бөлігінің бірі болып саналады және ең маңызды бөлігі деп айту артық айтылған сөз болмаса керек.

Бұрынғы кеңестік дәуірдегідей социалистік мүддеге берілген, түбегейлі мақсат коммунистік қоғам құруға әзір, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу дегеннің мазмұны түгелдей бүгінгі күннің талабына лайықты еместігі түсінікті болса керек. Бүгінгі жаңа Қазақстанға жан-жақты жетілген баланы тәрбиелеп қалыптастыру мүлде өзгеше.

Бейнелеу өнері пәнінен бала оқыту әдістемесінің күрделі мәселелерін психология тұрғысынан түсіндіруі кейінгі кезеңде педагогикалық және әдістемелік ізденістерінің өзекті жолдарына айналады.

XX ғасырдың ортасында және аяғында көркемдік өнерге келген педагог суретшілеріміз елдің ертеңі қамы үшін ағартушылық, педагогикалық, психологиялық бағытта жазып қалдырған еңбектерін әсіресе бүгінгі күні халқымыздың тәлімгерлік мұрасын пайдаланудың жолдарын іздестіруге, бейнелеу



өнерінің табиғатына сәйкес жаңа заманның талабына лайықтап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қалауда алдымен назарға алынуға тиісті мол мұра деп білеміз.

Бейнелеу өнері пәнін 60-70 жылдарда ғана оқыту саласында мәселелерді ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарастыру, бейнелеу өнері пәнінің функциональдық мүмкіндіктерін толығымен оқыту ісіне жаратып отырудың жолдарын айқындау қолға алынды. Бұған, біріншіден, сол жылдардағы кеңес үкіметінің саясатындағы өзгерістердің ықпалы болса, екіншіден, философия, эстетика, педагогика, психология ғылымдарында жазылған еңбектердің жарыққа шығуы, жаңа ой-тұжырымдардың орын алуы өзінің септігін тигізді. Ғылыми ізденістердің мектеп тәжірибесіне негізделуі солардың ішінде бейнелеу өнері пәнін өмірмен байланыстыра оқыту, проблемалық оқыту, дамыта оқыту бағыттарының қалыптасуына ықпалы болды. Оқу материалдарын қабылдау мен ұғыну және оны оқушыда қалыптасқан ассоциациялардың жүйесіне қосу, яғни жаңа материалдармен байланыстыру, оқу тақырыбын меңгерудің келесі сатысы болып табылады.

А.А. Дейнеканың: «Рисовать особенно в школе – это каждый раз решать определенную задачу» [4, 131 б.]. дегенінде жалпыға жаппай білім беретін мектептегі әр жеке өткізілетін бейнелеу өнері сабағында белгілі бір міндеттің шешілу керектігі айтылып тұр. Яғни мектеп көздеген түбегейлі мақсат пен оның орындайтын міндеті – ұрпақ тәрбиесі. Олай болса, осы ұрпақ тәрбиесінің кішкентай бір бөлшегін әрбір жүргізілген жеке сабақта орындап отыру міндет. Автордың бұл еңбегінде әрбір сурет сабағында белгілі бір міндетті шешу керек, бір сабақта тұлға қалыптасуына керекті шағын істі тындыру керектігі айтылған. Түсінікті болу үшін тарқатып айтсақ, әрбір бейнелеу өнері сабағында, біріншіден, оқушыларға білім берудің бір бөлшегі, екіншіден, баланың ақыл-ойын дамытарлық бір іс, үшіншіден, тәлім-тәрбиеден бала бойына сіңіретін бір іс орындалуы керек.

Осыған орай бейнелеу өнері түрлерін оқытуға қойылатын талаптар жөнінде: «ол

әсердің ешбір ықпалы оқушының өміріне, не амалына тимесе, ондай әсерді пайдасыз, бос кеткен әсер деп білу керек» - деп түйіндейді [5, 131 б.]. Бұл айтылған сөзден бала оқыту әдістемесінің күрделі мәселелерін психология тұрғысынан түсіндіруі. Қазіргі кезеңде педагогикалық және әдістемелік ізденістерінің өзекті мәселелеріне айналды.

Ендігі кезекте бейнелеу өнері түрлерін оқытуды тек әсерлі, тартымды етіп қана қоймай, оны бірнеше кезеңде атқарылатын үздіксіз үрдіс деп қарап, оқушы әрбір кезеңде практикалық жұмысын өзінің алған тақырыбының мәтінімен толық жұмыс істеуі оның психологиялық негіздерін, іс-әрекеттерін, амал-тәсілдерін айқындауға ерекше мән берілуде.

Қорыта келе, бұл әсіресе қазіргі кезеңде жан-жақты жетілген, соның ішінде эстетикалық тәрбие беріп қалыптастырылған баланы дайындау – бүгін де басты міндет. Бұл – барлық мемлекеттік оқыту, білім беру саясатын жүзеге асыруда көзделетін мақсат. Жан-жақты жетілген өз елінің азаматын жаңа қоғамдық өмірге байланыстыра өсіру, үйрету мен оның бойында қалыптастырылатын тұлғалық қасиет қандай, ол қандай қоғамда, қандай саяси ұстанымнан туып отыр дегенді білуді қажет етеді.

Бейнелеу өнері пәнін оқытудың әдістемелік мазмұнын бейнелеу өнерінің ерекше табиғатына байланысты және оқушылардың деңгейлік жас мүмкіншіліктеріне сәйкестендіре оқыту, оны оқушыларға меңгертуде психологиялық-педагогикалық салалардағы жетістіктерді пайдаланудың жолын іздестіру қандай маңызды болса, тәжірибеде басты талаптардың бірі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. – М.: Просвещение, 1974. – 245 с.
- 2 Песталоцци И.Г. Избранные педагогические произведения в 3-х томах. – М.: Изд. АПН РСФСР, 1961. – Т.4. – 119 с.
- 3 Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 1968. – 332 с.

4 Дейнека А. Учитесь рисовать. – М., 1961. – 268 с.

5 Аймауытұлы Ж. Психология . – Алматы, 1995. – 228 с.

ӘОЖ173.1.02..303

*А.Ж. ҚҰРАСБАЕВА*

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Биология кафедрасы  
Алматы қ., Қазақстан*

## **БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ**

### *Аннотация*

Мақала биология сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын ашып береді. Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Өйткені оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты.

*Түйін сөздер:* танымдық белсенділік, танымдық іс-әрекет, мотивация, шығармашылық тапсырма, іскерлік, біліктілік.

В статье раскрываются пути развития познавательной активности учащихся на уроке биологии. Познавательная активность – это мера умственного усилия, направленная на удовлетворение познавательного интереса. Ее уровень характеризует потребностно-мотивационную сторону жизнедеятельности индивида, направленную на конструирование когнитивной модели реальности. Она формируется как природно обусловленными механизмами, так и особенностями организации учебной деятельности.

*Ключевые слова:* познавательная активность, познавательная деятельность, мотивация, творческие задания, способность, умения.

### *Annotation*

In the article the ways of development of cognitive activity open up students on the lesson of biology. Cognitive activity is the measure of mental effort, sent to satisfaction of cognitive interest. Her level characterizes the motivational side of vital functions of individual, sent to constructing of когнитивной model of reality. She is formed by both the naturally conditioned mechanisms and features of organization of educational activity.

*Keywords:* cognitive activity, cognitive activity, motivation, creative tasks, ability, abilities.

**Б**үгінгі күні оқушыларға қойылатын ба-  
сты талаптардың бірі – оларды таным-  
дық белсенділігін арттыру арқылы жан-жақты

дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін  
жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып та-  
былады.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамыту стратегиясының мақсаттары мен міндеттері 2050 жылға дейінгі білім беру саласын дамыту стратегиясының негізгі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуда. Жоғары білімнің басты мақсаттары мен міндеттері ретінде:

- адам құқықтарын, демократия, бейбітшілікті нығайту мақсатында барлық адамдардың бүкіл өмір бойы дамуы мен әлеуметтік әрекетіне қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс;

- ғылым мен технологияны дамыту жолымен қоғамның мәдени, әлеуметтік экономикалық дамуына сүбелі үлес қосу;

- өзі үшін жауап бере алатын құзыретті оқушы тұлғасын қалыптастыру;

- тұтас алғанда қоғамның, оның ішінде, білім беру жүйесінің дамуы мен жақсаруына үлес қосу аталып көрсетілген [1].

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі [2, 11 б]. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі» [2, Б.11-12].

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұл-

ғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы 5-6 жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін [3].

Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т. б. белсенділік түрлері болады.

Соңғысы оқушының логикалық ойлау қабілеті мен дербестігін керек етеді. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін-өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т. б. белсенділіктер.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл-

халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.

2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.

3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай-ақ қайталауда да қолданылады.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамазға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушыдан ұдайы тек ақпарат өндіру емес, шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Себебі тапсырмалар белгісіздіктің кіші және үлкен элементтерінен және бірнеше дұрыс жауаптардан тұруы мүмкін. Шығармашылық тапсырма кез-келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Оның айналасында жариялылық пен ізденімпаздықтың негізі пайда болады. Шығармашылық тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды ынталандырады.

Шығармашылық тапсырма жеке дара күйінде мұғалімдер үшін де шығармашылық тапсырма болып қалады. Шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

- бір мағыналы және тым қарапайым жауабы немесе шешімі болмайды;

- оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;

- оқушылардың өмірімен байланыста болады;

- оқушылардың қызығушылығын тудырады;

- оқытудың мақсатына барынша сай келеді [4].

Оқушылардың танымдық белсенділіктері мектеп оқушыларының пән сабақтарында шығармашылықпен жұмыс істей отырып, проблеманы шеше алатын құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Аталған әрекет кез келген пән мұғалімдерінің қызмет түрімен біртұтас құрылымдық бірлікті құрай алады.

Оқушылардың биология саласында қалыптасатын танымдық белсенділік – танымдық қызығушылық пен қажеттілікті туғызуға бағытталған оқу әрекетінің түрі болып саналады. Танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы негізінде студенттердің ой-өрісі толысып, белсенді ойлау әрекеті мен шығармашылық ойлау үдерісін дамытумен қатар, студенттердің кәсіби мәдениеті мен ізденімпаздығын дамытады.

Мәселен, биология пәнінде өтілетін тақырыптарды ойын түрінде өткізуге болады. Мұнда әр оқушы өзіндік шығармашылық жұмыспен айналысады. Оқушы ойынға қызығу арқылы шығармашылық тапсырмаларды жеңіл әрі белсенді түрде орындайды.

Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Танымдық белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі.



Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т. б.

Мысалы: су, судың қасиеті. Бұл тақырыпты өту барысында оқушыларды топқа бөлемін. Тәжірибелер жасау барысында оқушылар судың түссіз, мөлдір екеніне, оның ағатынына, жұғатынына, жабысатынына және табиғатта 3 күйде кездесетініне көздерін жеткізеді деп төмендегідей топтастырып құрастырады: мөлдір түссіз сұйық, Су жұғады, жабысады, ағады.

Сабақты қорыту мақсатында әр топқа тапсырма бердім:

I топ – эссе жазады «Су – тіршілік көзі»

II топ – сурет салады.

III топ – өлең шығарады «Бес жолды өлең».

Эссе «Су – тіршілік көзі». Бізге су өте қажет. Су болмаса біз өмір сүре алмаймыз. Біз суды күнделікті өмірде пайдаланамыз. Су түссіз, мөлдір болады. Сусыз жануарлар да тіршілік ете алмайды, өсімдіктер де өспейді. Сондықтан суды үнемдеуіміз керек.

Қазіргі кезде интерактивті тақталарды оқу үрдісінде қолдану қолға алына бастады. Бұл білім беруді жетілдірудің, оның ішінде математикалық білім, дағдыны жетілдірудің келешегі. Сонымен бірге бастауыш мектептерге арналған мультимедиялық оқулықтарды

жасау және пайдалану қолға алына бастады. Міне, осындай танымдық белсенділікке байланысты шығармашылық тапсырмаларды қолдану барысында оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, дамиды.

Қорыта келгенде, мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және биология пәніні оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.

2 Қуанышбаева Г.Қ. Биология пәнінде жаңа технологияларды қолдану // Орта мектеп. – Алматы, 1(4), 1991. – Б. 3-6.

3 Кәрімов А. Типтік тізімдегі кейбір заттардың адам ағзасына әсері // Химия – мектепте. – №1. 2007. – Б. 37-42.

4 <http://bilimkozy.idhost.kz/31-biolog-atay-kmge-byyrady-ashy-saba.html>.



*К юбилею доктора педагогических наук, профессора, академика Российской государственной академии образования, академика Международной академии наук высшей школы, директора Института содержания и методов обучения, заведующего кафедрой методики преподавания математики, физики, информатики КазНПУ имени Абая*

### **АБЫЛКАСЫМОВОЙ АЛМЫ ЕСИМБЕКОВНЫ**

Для плодотворной и творческой работы любого научно-педагогического коллектива главным являются руководители, обладающие харизмой, генерирующие идеи и отстаивающие их, умеющие находить и творчески реализовывать современные научно-практические задачи, стоящие перед обществом. Именно к плеяде таких личностей с полным основанием можно отнести нашего юбиляра. Благодаря своему жизненному кредо и характеру, целеустремленности и настойчивости, работоспособности и трудолюбию, желанию и умению осваивать ранее неизведанные проблемы Абылкасымова Алма Есимбековна сумела достичь наивысших достижений в отрасли, которую избрала сферой своей деятельности, а именно – педагогику, методику подготовки специалистов, проблемы высшего и среднего образования в стране. Подтверж-

дением этого является путь ее деятельности в системе образования Казахстана.

После окончания в 1972 году механико-математического факультета КазГУ им. С.М.Кирова по специальности «Математика» она стала работать в стенах Альма-Матер, где за более чем 20-летний период прошла все ступени становления педагогического работника высшей школы - ассистент, старший преподаватель, доцент, профессор кафедр методики преподавания математики и высшей математики. Одновременно она занималась научно-исследовательской работой, результатом которой стали защита кандидатской диссертации (1991г.), а затем докторской диссертации (1995г.). Ее докторская диссертация на тему: «Формирование познавательной самостоятельности студентов-математиков в системе методической подготовки в универ-

ситете» внесла существенный вклад в теорию развития дидактики и методику подготовки специалистов в вузе.

По настоящему творческая научно-педагогическая деятельность профессора Абылкасымовой А.Е. началась в 1996 году, после ее приглашения ректором Алматинского государственного университета имени Абая, академиком Т.С. Садыковым на должность заведующего кафедрой «Дидактики и теории математического образования» АГУ им.Абая. Наряду с педагогической работой она около 15 лет являлась председателем диссертационного Совета по защите диссертаций на соискание ученой степени доктора (кандидата) педагогических наук по специальности 13.00.02 – Теория и методика обучения математике, физике, химии. Об уровне диссертационного Совета можно судить по ученым России, Киргизии и Казахстана, которые являлись его членами – это академик Национальной академии наук Кыргызской Республики, профессор Бекбоев Исак Бекбоевич, член-корреспондент Национальной академии наук Кыргызской Республики, профессор Мамбетакунов Эсенбек Мамбетакунович, профессора Ахметов Нурлан Каркенович, Бабаев Доолотбай Бабаевич, Добрица Вячеслав Порфирьевич, Ерматов Садуакас Ерматович, Коломеец Евгений Васильевич, Кобесов Ауданбек Кобесович, Косов Владимир Николаевич, Маканов Усмандияр Маканович, Чечин Леонид Михайлович, Кенжебаев Толеу Кенжебаевич, Шоқыбаев Женис Акимжанович и другие. За период деятельности Совета было защищено 20 докторских и 144 кандидатских диссертаций, результаты которых внесли серьезный вклад в развитие методической науки в стране.

Лично профессор Абылкасымова А.Е. подготовила 10 докторов и более 30 кандидатов педагогических наук по дидактике и методике обучения математике. Среди них можно выделить научные работы Дроботуна Б.Н., Гончаровой К.Л., Жадраевой Л.У., Кабуловой А.Р., Рабиновича Б.В.

Лидерские качества Алмы Есимбековны и ее талант организатора образования и науки

проявились и на республиканском уровне. Об этом говорит перечень должностей, которые она занимала работая вне АГУ им.Абая:

- вице-президент – директор Института высшего образования Казахской академии образования им. Ы.Алтынсарина Министерства образования и науки РК (1998-1999 гг.);
- директор института общего образования Казахской академии образования им. Ы.Алтынсарина МОН РК (1999-2002 гг.);
- директор республиканского научно-практического центра проблем 12-летнего образования МОН РК (2002-2005 гг.);
- директор республиканского научно-практического центра “Учебник” МОН РК (2005-2011 гг.);
- президент Национальной академии образования МОН РК (2011- 2013 гг.).

Работая на республиканском уровне профессор Абылкасымова А.Е. внесла значительный вклад в развитие Национальной академии образования имени Ыбрая Алтынсарина, организацию и становление в стране системы перехода школ республики к 12-летнему обучению, организацию деятельности научно-практического центра «Учебник», соответствующую современным требованиям общества.

Будучи директором института высшего образования, а затем общего образования профессор А.Е. Абылкасымова участвовала в разработке и определении стратегии развития общего среднего и высшего образования Казахстана на период с 1996 по 2005 годы, что в итоге позволило реформировать систему образования в соответствии с требованиями переходного периода к рыночным отношениям. Результаты ее работы были обобщены и опубликованы в двух монографиях – «Стратегия развития высшего образования в Республике Казахстан». – Алматы: Изд-во: Білім, 1998. – 232 с.; «Развитие системы общего среднего образования в Республике Казахстан». – Алматы: Изд-во: Ғылым, 1999. – 224 с.

Наиболее плодотворно и активно профессор Абылкасымова А.Е. работала в Национальной академии образования им. Ы.Алтынсарина уже будучи ее президентом. Ею была разработана «Концепция развития Нацио-

нальной академии образования на 2011-2015 гг.», в соответствии с принятой Указом Президента РК Н.А.Назарбаевым «Государственной Программой развития системы образования РК на 2011 – 2020 гг.». Все последующие научно-методические разработки для всех уровней образования, в том числе для малокомплектных школ, их внедрение в систему образования страны основывались на этой Концепции.

Одним из главнейших достижений профессора Абылкасымовой А.Е. является то, что под ее руководством разработаны, а затем обсуждены во всех регионах Казахстана государственные общеобязательные стандарты среднего образования и высшего образования (по педагогическим специальностям) с приложением соответствующих типовых учебных планов и учебных программ. В итоге все общеобразовательные организации образования Казахстана различного типа с 1 сентября 2013-2014 учебного года начали работать по этим стандартам и учебным программам, которые впервые были утверждены постановлением Правительства от 23 августа 2012 года, №1080 по представлению Министерства образования и науки РК. Стандарты по 22 педагогическим специальностям были внедрены в учебный процесс вузов, готовящих педагогические кадры, с 2012-2013 учебного года.

В апреле 2002 года профессор Абылкасымова А.Е. была назначена на должность впервые создаваемого в стране республиканского научно-практического центра проблем 12-летнего образования. В тот период времени общественность Казахстана и педагоги страны не имели представления о том, что это такое, как подготовить систему образования к ее введению, как практически реализовывать эту идею. Благодаря поистине титаническому труду Алмы Есимбековны и ее сотрудников проблема была всесторонне изучена, итогом стала разработка Концепции по переходу на 12-летнее обучение, которая нашла отражение в «Государственной Программе развития образования РК на 2005-2010 гг.» в части среднего образования.

Для практической реализации нового перспективного начинания во всех регионах Казахстана в 54 школах были созданы экспериментальные базы. Одновременно началась переподготовка педагогических кадров, создано множество нормативно-правовых документов, регламентов, учебных программ, учебников, учебно-методических комплексов. Все это позволило создать стандарты для системы 12-летней школы и начать учебный процесс по переходу на 12-летнее обучение с 2003-2004 учебного года. По утвержденным МОН РК регламентам в 2006-2007 учебном году в начальной (1-4 классы), а в 2011-2012 учебном году в основной (5-9 классы) школе завершилось экспериментальное обучение с апробацией учебных материалов. В 2013-2014 учебном году по этим регламентам продолжается эксперимент на старшей ступени (10 класс) обучения в 12-летней школе. Таким образом, разработанный под руководством профессора А.Е.Абылкасымовой комплекс регламентирующих документов по переходу школ республики на 12-летнее обучение полностью апробирован, оправдал себя и теперь составляет основу при полном переходе системы среднего образования страны на 12-летку в 2015-2016 учебном году.

Проблемы введения в Казахстане 12-летнего обучения нашли отражение в научных трудах юбиляра – «12-летка. Развитие системы общего среднего образования в современном мире». – Алматы: Изд-во: Ғылым, 2003. – 106с.; «Методология 12-летнего образования. Научное издание». – Алматы: Изд-во: Ғылым, 2003. – 163 с.; «12-жылдық методологиясы». Ғылыми басылым. – Алматы: Ғылым б-сы, 2004. – 240 б.; «Содержание образования основного звена 12-летней школы». – Астана: РНПЦ проблем 12-летнего образования, 2005. – 224с.; «Здоровьесберегающие технологии в учебно-воспитательном процессе 12-летней школы». – Астана: РНПЦ проблем 12-летнего образования, 2005. – 65с.

В мае 2005 года профессор Абылкасымова А.Е. была назначена на должность директора впервые создаваемого в стране республиканского научно-практического центра



«Учебник». Необходимость создания такого центра назревала давно, так как после распада Советского Союза в Казахстане начали создаваться школьные учебники нового поколения, которые писали разные авторы без соблюдения принципов преемственности образовательного процесса в школе, без наличия стандартов образования, отвечающих современным требованиям с учетом изменения социально-экономического положения в стране и смены общественно-экономической формации в государстве. Кроме этого, авторские коллективы стали подбираться издательствами по своему желанию, что привело к изданию множества некачественных учебников, не удовлетворяющих учителей, учеников и широкую общественность. Фактически процесс подготовки и издания учебников был пущен на «самотек», поэтому нужен был центр, который начал бы регулировать и приводить в требуемый порядок этот сложный процесс.

Под руководством Алмы Есимбековны была проведена огромная работа, начиная от разработки исходных положений дидактической теории учебника, их фундаментальных и прикладных составляющих, характеристик и классификации по уровням образования, принципов отбора содержания учебников до качества выполнения полиграфических работ. Профессором Абылкасымовой А.Е. было организовано и проведено множество международных и республиканских конференций, семинаров, круглых столов с участием зарубежных специалистов по теории и методологии создания школьного учебника. В итоге совместно с российскими учеными-методистами были разработаны и опубликованы две монографии - «Концептуальные проблемы создания и совершенствования школьных учебников. Научно-методическое издание» (Алматы, 2011г.), «Содержание образования и школьный учебник. Научно-методические аспекты (Москва, 2012г.).

К сожалению, следует отметить, что работа по созданию учебников и учебно-методического комплекса к ним оказалась настолько трудоемкой и многогранной, что до настоящего времени полностью не удается привести

всю деятельность по книгоизданию соответствующей требованиям родителей, учеников и педагогической общественности. В основе этого лежит недостаточно продуманная, но применяющаяся на практике идея по написанию и изданию учебников на конкурентной основе издательствами, имеющими различный уровень понимания проблемы.

Особо следует сказать о том, что профессор Абылкасымова А.Е. как педагог высшей квалификации постоянно пишет и издает учебники и учебно-методические комплекты для школ. Она является автором учебников по математике (5-6 классы), алгебре (7-9 классы), алгебре и начале анализа (10-11 классы) для общеобразовательной (11-летней) и 12-летней экспериментальных школ.

Известно, что написание любого учебника должно опираться на теоретические основы и определенную методику. Именно поэтому профессором Абылкасымовой А.Е. разработано и издано множество дидактико-методических пособий и научных трудов: «Современный урок. Учебное пособие» – Алматы: Изд-во: Комплекс, 2005.–217с.; «Современная дидактика. Научное издание». – Алматы: Изд-во: Ғылым, 2008. – 280с.; «Методика преподавания математики. Учебное пособие». – Алматы: Изд-во: Санат,1993. – 102с.; «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Әдістемелік құрал.». – Алматы: Білім, 1998. – 206 б.; «Теория и методика обучения математике. Учебное пособие.» (2005, 2011, 2013, 2014, на каз., рус., англ. яз.) и другие.

Следует также выделить подготовку и издание под руководством Абылкасымовой А.Е. энциклопедического и терминологического издания «Образование и наука. Энциклопедический словарь» – Алматы: Атамұра, 2010. – 448 с. (на рус. и каз. яз.); «Математикалық терминдер мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі» – Алматы: Атамұра, 2011. – 240 б.

Многолетняя активная научная и научно-методическая деятельность профессора Абылкасымовой А.Е. позволили ей опубликовать более 400 работ, в которых нашли отражение многие современные достижения си-

стемы образования Казахстана в условиях его независимого развития.

Достижения профессора Абылкасымовой А.Е. высоко оценены как отечественной, так и зарубежной научной общественностью: в 1999 году ей вручен диплом о включении в число 2000 интеллектуалов мира в области образования (Кембридж), а в 2001 году за выдающиеся достижения в области образования она награждена дипломом международного Американского биографического Института (Нью-Йорк). В 2000 году она избрана академиком Международной академии наук высшей школы (Москва) и в 2005 году академиком Российской государственной академии образования.

Ее достойный вклад в развитие отечественной науки и образования отмечен государственными наградами: заслуженный деятель Республики Казахстан (2002г.); орден «Құрмет» (2007г.).

Кроме того, она является отличником образования РК (2000г.); ей вручены медали «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» (2004г.), «Астана» (2006г.), «Ы. Алтынсарина» (2010г.), «20 лет независимости Республики Казахстан» (2011г.); значок «По-

четный работник образования РК» (2009 г.), а также многочисленные благодарности МОН РК.

Закономерным итогом многолетнего самоотверженного труда Абылкасымовой Алмы Есимбековны стало присуждение в 2013 году звания лауреата независимой премии «Ильхам» за достижения в области воспитания подрастающего поколения, за новаторство и неординарный подход к методике обучения в педагогической деятельности.

Учитывая значительный вклад в развитие методической науки и педагогического образования в стране Ученый Совет КазНПУ им. Абая 31 марта 2014 года, протокол №8, принял решение открыть в университете методический кабинет имени профессора Абылкасымовой Алмы Есимбековны. Открытие кабинета состоялось 7 апреля 2014 года, где представлены ее достижения в области образования и педагогической науки страны.

